**16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні!**

**17желтоқсан - Демократиялық жаңару күні!**


Газет 1948 ж. 20 сәуірінен шыға бастады



№ 10 (1294) желтоқсан 2000 жыл


# Қазақ университеті


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ


## ҚҰТТЫҚТАУ!

*К.Н.НӘРІБАЕВ, ректор:*



***Құрметті әріптестер, қызметкерлер және студенттер қауымы!***

Сіздердің баршаңызды еліміздің Тәуелсіздігіне 9 жыл толған айтулы мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Шәкірттеріне үйретуден, олардың бойына білім нәрін себуден жалықпаған кадірлі ұстаздар қауымы, Тәуелсіздік туын биік ұстайтын білімді де отаншыл ұрпақты, еліміздің болашағын сеніп тапсыратын жастарымызды тәрбиелеудегі еңбектеріңіз жемісті бола берсін!

Құрметті студенттер, Тәуелсіз еліміздің еркін өсіп келе жатқан ұландары, егемен еліміздің баянды болашағы жолындағы ізденістеріңіз табысты болсын!

Тәуелсіздігімізді нығайта беру жолындағы еңбектеріңіз жемісті, төрт құбылаларыңыз түгел, айналаларыңыз аман болсын!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, жұлдызы жоғары бола берсін!

## ПОЗДРАВЛЯЕМ!



***Дорогие друзья!***

*Этот номер является последним в уходящем тысячелетии. Поэтому мы поздравляем вас с наступающим 2001 годом!*

*Наступающий год особенный, потому что с него начинается отсчет грядущего тридцатого тысячелетия, которое непременно должно быть более лучшим и совершенным во всех отношениях, особенно в плане духовности, так как грядет Эра Водолея.*

*Желаем Вам, дорогой Читатель, в Новом Году разрешения всех Ваших проблем, чтобы радость сияла в Ваших глазах, чтобы сердце наполнилось счастьем. А самое главное, стабильной, спокойной, достойной жизни, обретения уверенности в завтрашний день.*

*С Новым Годом!*

*Коллектив редакции* **"Қазақ университеті"**

## РЕКТОРАТ

12 желтоқсанда өткен ректорат мәжілісінің күн тәртібінде:

- қысқы емтихан сессиясына дайындық жөнінде Жаратылыстану факультеттерінің оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы Н.А.АСАНОВТЫҢ;
- студенттерді, аспиранттарды және университет қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қолдау жөнінде Әлеуметтік және экономикалық мәселелер бөлімінің бастығы Г.А.СӘРСЕНБЕКОВАНЫҢ;
- ректораттың 2000 жылғы 11 қаңтардағы "Университет тарихы мұражайының жұмысы туралы" Қаулысының орындалу барысы жөнінде мұражай директоры О.С.ӨМІРӘЛИЕВАНЫҢ;
- ректораттың 1999 жылғы 14 желтоқсандағы "Әл-Фараби атындағы ҚазМУ кітапхана кеңесінің қызметі туралы" Қаулысының орындалу барысы жөнінде кітапхана директоры Е.Ж.ӘБІЛҚАЙЫРОВАНЫҢ;
- Ақылы негізде оқып жатқан ҚазМУ студенттерінің мәселелері туралы нұсқауды бекіту жөнінде Жаратылыстану факультеттерінің оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы Н.А.АСАНОВАНЫҢ хабарламалары тыңдалды.

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

28 қарашада өткен Ғылыми Кеңесте университеттің даму стратегиясын жүзеге асыру барысындағы ғылыми-әдістемелік жұмыс талқыланып, Гуманитарлық факультеттер бойынша оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы Ш.А.ӘМІРБЕКОВТІҢ баяндамасы тыңдалды

Психологиялық-педагогикалық білім беру арқылы патриоттық тәрбиелеудің нәтижелері мен проблемалары жөнінде Этнопедагогика және этнопсихология оқу-зерттеу орталығының директоры, профессор Қ.Б.ЖАРЫҚБАЕВ хабарлама жасады.

Университет Диссертациялық кеңестерінің қызметі жақында Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың орынбасары В.Н.УВАРОВТЫҢ және комиссия төрайымы, профессор Г.М.ЖАНАЛИЕВАНЫҢ баяндамалары тыңдалды.

Ғылыми Кеңестің 1999 жылдың 26 қазанында шығарған "Университеттегі қазақ тілін оқытудың қазіргі жағдайы мен міндеттері туралы" Қаулысының орындалу барысы жөнінде "Қазақ тілі" бірлестігінің төрайымы Р.Ш.БАЙМҰХАНБЕТОВАНЫҢ хабарламасы тыңдалды.

Докторантураға және аға ғылыми қызметкерлікке қабылдау жөнінде Докторантура және аспирантура бөлімінің бастығы К.К.ШӨПШІБАЕВТЫҢ хабарламасы тыңдалды.

## БҮГІНГІ САНДА:


*Ақжібек ЮСУПОВА*

**Музда жанған алау**

*Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,*
*Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.*
*Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,*
*Айналайын, жас қайратым, жас өркені халқымның! (М.Шаханов).*

2-бет

**Бір Аллаға сиынған ел**

**Сауд Арабия корольдігі**

4-бет

*Ақберен ӘЗБЕРГЕНОВ*

**Әкемді көрген бар ма екен?..**

... Мен білмей, мен танымай кететін жұмбақ жан - әкемнің дүниеден өткеніне 16 жыл болды. "Әкең өлсе өлсін, көзін көрген өлмесін" демекші, мен әкеммен бірге оқыған, қызметтес, таныс болған адамдарды іздеп жүрмін.

3-бет

**Әлемде СПИД күн сайын 7000 адамның өмірін үзуде... Күн сайын 16000 жас ВИЧ жұқтырады...**

6-бет

*А.Ж.АБДРАХМАНОВА*

**Медицинские катаклизмы экономики**

В экономике любого государства достойное место должно быть отведено медицине...

стр.7.

# Желтоксан - это наша судьба



Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА

В судьбе каждого народа, как и отдельной личности, бывают переломные моменты, "Звездные" мгновения, которые по-настоящему оцениваются только по прошествии времени.

Такой вехой для коренного обновления жизни нашего общества стало знаменитое декабрьское восстание 1986 года.

Его можно назвать точкой отсчета нового времени для казахского народа, принесшего долгожданную свободу и независимость. Под влиянием восстания распалась социалистическая система, перестала существовать огромная Империя под названием Советский Союз, активизировалось международное демократическое движение.

Даже перечислить невозможно грани всех позитивных явлений, появивщихся после восстания, настолько их много и так они разнолики. Одним из положительных сторон восстания, вернее ее последствий, можно назвать демократизацию нашего общества. В этом отношении Желтоксан стал своеобразным "пробным камнем" в нашем стремлении к лучшей жизни. Ведь "декабристы" боролись за все прогрессивное, которые стали неизменным атрибутом нашей повседневной жизни, которые мы порой не замечаем в череде дней. Это свобода слова и печати, это освобождение от диктата однопартийной системы, это осознание своих прав как личности...

А между тем сами "декабристы" сполна испили горькую чашу унижений, преследований, гонений. И в настоящее время, хотя со времени восстания прошло уже 14 лет, не выяснены полностью все стороны восстания, не определены многие его последствия и причины. Только выяснив все эти факты, мы сможем извлечь уроки для будущего нации и страны, что особенно важно для нас, определяющих и выверяющих свои шаги в грядущее.

С Желтоксаном тесно связаны имена его героев. Это безвременно ушедший из жизни при загадочных обстоятельствах Кайрат Рыскулбеков, это юная, кристально чистая Ляззат Асанова, мужественный и бескомпромисный Ербол Спатаев, принципиальная, решительная Сабира Мухамеджанова и сотни, тысячи молодых девушек и жигитов, осмелившихся противостоять тоталитарному режиму, во имя счастья своего народа.

Декабрь стал не только предвестником Свободы и Демократии, он помог осознать нашему народу свою Суть, разбудил дремлющее национальное самосознание.

Благодаря Желтоксану, мы почувствовали гордость за свою историю, культуру, мы поняли, что духовность нашего народа бесценна и, что наши исконные традиции уникальны.

Желтоксан помог нам отойти от края той страшной пропасти, на которой мы стояли в забытьи и в растерянности...

Трагичны и прекрасны были те годы после восстания. Просыпались души, ощущался ветер перемен и люди оживали, очищаясь и отряхиваясь от наносной грязи колониализма и зависимости. Все радовались, хотя и предчувствовали грядущие нелегкие испытания демократией и вседозволенностью.

Желтоксан поднял в нашей жизни огромные залежалые пласты, преданной забвению информации. Многие проблемы получили разрешение только благодаря ему.

Ребенку, родившемуся в год знаменитого восстания, исполняется 14 лет. Он, по древнему казахскую обычаю уже прожил один год, после своего первого "совершеннолетия". По древнему поверью считается, что прожит солидный отрезок времени.

Мы с вами старимся, переживая нелегкие времена, а герои Желтоксана, "декабристы", вышедшие в те студенные зимние дни на площадь, всегда останутся молодыми. В этом и заключается суть их подвига. Это молодая казахская Нация тогда вышла на главную площадь нашей страны. Это Казах бесстрашно противостоял грозной и слепой силе. И мы, казахстанцы, всегда будем гордиться той молодежью, восставшей в те нелегкие дни против косности и несправедливости.

Пройдут годы, десятилетия, века и Желтоксан будет всегда оставаться молодым в ряду неординарных событий в истории нашего народа, таких как битва при Анракае. как знаменитое восстание Сырыма Датова, как восстание 1916 года ведь он предопределил Судьбу нашей Нации. Нашу с вами Судьбу...

## ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ЖАЙЫНДА ЖЕТІ БУЫН НЕ ДЕЙДІ?



***Яхия ӘУБӘКІРҰЛЫ, экономика ғылымдарының докторы, академик:***

- Әрбір халықтың ұлттық сезімі болатыны ақиқат. Оң сезімді сыйлау, құрметтеу қажет.

Желтоқсан оқиғасы қайғылы. Бірақ бұл оқиға тәуелсіздікке жол ашты деуге болады. Қазір біз еліміздің саяси тәуелсіздігінің тыныштық жағдайына ризамыз. Алдағы міндет- еліміздің экономикалық тәуелсіздігін нығайта түсу. Осы салада Президенттің атқарып жатқан игілікті шараларына бәріміз тілектес болайық.



***Иран -Ғайып, ақын:***

- ... 16-желтоқсан -
Тәуелсіздігіміздің туған күні -
Мәңгілікке өлмеске...
Қазақ үшін,
бұл күннен асқан
Қасиетті күн болмақ емес!



***Төрегелді БЕКНИЯЗОВ, журналистика факультетінің доценті:***

Біз әлі Желтоксанның бағасын толық бере алмай келеміз. Адам анадан туғанда - Құдайдың құдіретімен бас бостандығын ала туады. Бұл жалпы адамзаттық адам құқықтары жөніндегі Деклорацияның да басты идеясы! Ендеше, ел мен жер, дін мен тіл, бостандық пен өмір мәселесі әр халық пен ұлттың өз мақсат-мүддесіне сай шешілуі тиіс. Тәуелсіздік туы сонда ғана жоғары желбірейді... Сол бір қайғылы күндері біздің қыз-жігіттердің осыны сезініп, түсінгені анық.

Бүгінгі демократияның бастауы да солар деп білемін. Олар жайлы нақты шындықтың айтылар уақыты әлі алда...



***Өмірхан ӘБДІМАНОВ, филология факультетінің доценті:***

- Желтоқсан оқиғасы үшін өзгеше Комиссия керек. Оған бүгін не не айтып жүргенін өзі де білмейтін Хасен Қожа-Ахмет те жарамайды.

Еш нәрсе әлі айқындалған жоқ, айқындалмайды да. Бірақ, "Желтоқсан" біраз адамға нан тауып берді. Оның басында Мұхтар Шаханов тұр.



***Жұмагүл ӘБСЕМЕТҚЫЗЫ, тарих факультетінің доценті:***

- Қай кезеңде болмасын, қоғам-дағы өзгерістерге сын көзқараспен қарайтын - жастар.

Бұл оқиғаның маңызы өте зор: ол - кеңестік кеңістіктегі алғашқы наразылық және де басқа республикалардағы ұлттық сананың өрістеуіне ықпал еткен құбылыс.

# Мұзда жанған алау

Ақжібек ЮСУПОВА,
ҚазМУ-дің 4 курс студенті.

*Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,*
*Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.*
*Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,*
*Айналайын, жас қайратым, жас өркені халқымның!*
*(М.Шаханов)*

1986 жыл... Қайғысы мен қасіреті, азабы мен тозағы, рухы мен ар-ожданы қатарласып келген жыл болды. Тағдыры қылбұрауға маталған ұлы қазақ халқы тар жол, тайғақ кешуден, қасіретті қазалы жолдан өтті. Иә, 1986 жылғы қазақ жастарының бейбіт шеруінің өз орны да, жөні де бар. Бұл - тарихи оқиға, оған ешкімнің дауы жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылғы желтоқсанның 12-сінде шығарған "Қазақстандағы 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау" туралы Жарлығы бойынша қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылған азаматтардың ақталғанын жұрт ризалықпен қабылдады. Алайда көңілдегі түйткіл, санадағы салқындық толық айыға қойған жоқ.

Қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсанда Алматыда және Қазақстанның бірқатар облыстарында бой көрсетулері ұлтшылдық сипатта болған емес. Мұның өзі Конституция кепілдік берген және қайта құру жариялаған азаматтық және саяси айқындаманы еркін білдіру құқығын пайдаланудың алғашқы әрекеті еді. Күллі әлемді дүр сілкінткен Алматыдағы желтоқсан оқиғасы қазақ топырағына ұлттық санасын намысы жетелеген жаңа әрі қайсар буынның келгенін әйгіледі. Желтоқсанның сол бір күндері бұлыңғыр болып, денені түршіктірген ызғар шашып, сұстылау болған екен. Табиғат та қанды қырғынның болатын белгісін білдіріп тұрғаны шығар. Бірақ, сұрғылт та суық желтоқсанның үсігіне шалынып, аязына қатқан ешкім болмаған сияқты. Одан гөрі Г.Колбиннің катулы қабағы мен сазарған жүзінен салқындық шашқан ызғары қатты. Қазақтың оқып жүрген баласы мен ел қызметін атқарып жүрген ағасын, атасының моласын айыптады, онысымен қоймай, "қазақ ұлтшылдығы" жөнінде қаулы қабылдады. Жастар желтоқсанда "Қонаев үшін" немесе "Колбинге қарсы" да шыққан жоқ, брежневтік жалғандыққа, жүйенің өзіне қарсы шықты.

Қазір желтоқсан оқиғасы ашық айтылып та, жазылып та жүр. Дегенмен, алаңдағы топалаң көріністер, жоғарыдағылардың жүргізген әрекеті шын болмысымен ашылмай келді. Әрине, жастар қозғалысы кезінде өлім де, колы-басы, қабырға-омыртқасы жарақат алған, сынған, мыи шайқалып, есі ауысқандар аз болмады. Құдалау, ізге түсіп іздеу, ұстау, соттау, түрмеге отырғызу сол жылы көң етек алды.

"Мен - қазақпын. Мың өліп, мың тірілген", - деп Жұбан ағамыз жырлағандай, төрткүл дүниені дүр сілкіндірген қасіретті, ызғарлы желтоқсанда ұлттық намысына кір келтіргісі келмей, халқының ұлттық рухын биік ұстаған Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Түгелбай Тәшенов, Сабира Мұхамеджанова, Ләззат Асанова және солар секілді ерлеріміздің нақақтан төгілген көз жасы, қаны кімнің мойнында?!

Уақыт ағымы, дәуірлік дүрбелеңдер ғарихтың талай-талай беттерін жауып кетеді, алайда 1986 жылдың желтоқсаны қазақ халқы үшін бір кездегі Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Кенесары және басқа да ардақты ата-бабалар бастаған ұлт-азаттық көтерілістерімен қатар мәңгі ұмытылмас оқиға ретінде қалары сөзсіз. Алаңды қызыл қанға бояп, жүздеген боздақтардың жанын алып кеткен азалы да қаралы желтоқсанның ызғары мен қаһары тарих бетіне қанмен жазылып қалғандай.

Жыл өткен сайын Қазақстан Республикасында жан қуантар жақсы іс, халық болашағын батыл бағамдаған өмірлік маңызды мәселелер жүзеге асып келеді. Біз - Тәуелсіз елміз. Төрткүл дүниенің төрт бұрышы таныған, әлемнің қай халқымен де тереземіз тең болуға талпынудамыз.

Жер-жаһанды дүр сілкіндірген, кең байтақ Қазақ елінің бостандығының туын желбіреткен Желтоқсан оқиғасына 14 жыл болып қалды. Әлемді дүрліктіріп өткен желтоқсан оқиғасы сүттей ұйып отырған сан мың жанұялардың берекесін алған, барша қазақ халқының жанына жазылмас дерт салған дүрбелең еді. Қазақ халқының жан-жарасының беті аршылып, жариялылықтың алғашқы қарлығаштары қанат қағып алаңға шыққаны - еліміздің егемендік бастауы болды. Заманымыз тыныш болып, тәуелсіздігіміздің баянды болғаны барщамыздың қуанышымыз. Ендеше, 1986 жылғы желтоқсан күндеріндегі мұзда жанған алау көптің есінде мәңгі сақталады.

## Азаттық үшін айқас шежіресі

● ***1783-1797 жылдары Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.*** Көтерілістің шығу себебі - Ресейге қосылғаннан кейін патшаның жарлығымен қазақтардың мал жаятын шұрайлы жерлерінің күшпен тартып алынуы болды. Көтерілістің соңына қарай Хиуа жеріне қарай өткен Сырымды, Хиуа ханы шешендігі мен турашылдығынан қауіптеніп, у беріп өлтірді деген сөз бар.

● ***1836-1838 жылдары И.Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басшылығымен болған көтеріліс.*** Көтеріліске Ресей патшалығының отаршылдық езгісінің күшеюі себепкер болды. Аталмыш көтеріліске Кеңестік идеология түсында таптық сипат таңылып келді. Шындығында, ол отарлық түзелдікке қалған елдің империялық саясатқа қарсы бағытталған ұлы қимылы еді.

● ***1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.*** 1841 жылы үш жүздің өкілдері жиналып, ежелгі ата салтымен оны ақ киізге отырғызып, хан сайлады.

Елі мен жерін отаршылардан азат ету жолында күрескен даңқты жау жүрек хан 1847 жылы 45 жасында Ұлы жүздің Қырғызстанмен шектескен жеріндегі кезекті бір шайқаста інісі Наурызбай екеуі қырғыздар қолынан қаза тапады.

● ***1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.*** Көтерілістің шығуына патшаның қазақтан әскердің қара жұмысына солдат алу туралы жарлығы себеп болды. Көтерілістің ең бір белсенді ошақтарының бірі - Торғай облысындағы Аманкелді Иманұлының бастауымен болған қозғалыс еді.

● ***1986 жылғы 17 желтоқсанда Алматыда қазақ жастарының Орталық өкіметтің озбыр саясатына қарсы бағытталған қозғалысы болды.*** Бейбіт сипаттен басталған демонстрация әскери күш қолданумен басып тасталды. Әйгілі желтоқсан оқиғасының шығуына басқа да көптеген жағдайлармен бірге мәскеулік үкіметтің жергілікті халықпен санаспай, республика басшысын тағайындауы негізгі себеп болды.

*Дайындаған Жолымбет МӘКІШЕВ, студент.*



# Әкемді көрген бар ма екен?..

САҒЫНЫШ

*Ақберен ӘЗБЕРГЕНОВ*

Аялдамадан түскен бетте Алатау көзіңе оттай басылады. Әсем шыңдар тізбегі. Дүниеде ешнәрсеге ұқсамайтын жаратылыс. Биік. Қарапайым да құдыретті, момын да тәкаппар, мәңгі тірі кемеңгер. Алатауды көргенде еріксіз аласа екеніңді, оған ешқашан жете алмайтыныңды мойындайсың.

Алатауды, оның алып бейнесін көргенде әкем есіме түседі. Бала кезімнен қалған әдетім тау көрсем, әкеме балайтын едім. Иә, перзент үшін әке ұғымы асқар шыңмен пара-пар, ол да биік, ол да мәңгі, көкейде тірі.

Әке! Мәңгі жұмбақ жан иесі. Әкемнің жанын түсіну, оның ойларын, дүниетанымын, мінезін, жалпы адами пәлсапасын білу мен үшін өмірлік орындалмай кететін арман болып қалды. Жүрегімнің бір жағы туған-туысқан, жора-жолдастардың ақыл-кеңестерінен алған тәрбиеге толы болса, екінші жағы бос, үңірейіп тұр. Ол ешқашан толмақ емес. Енді бұл өмірде ақыл-ойым, жан-дүнием әкемнің берген тәлім-тәрбиесінен сусындамас. Рас, әкем мен үшін мәңгілік жұмбақ жан болып қалды. Өйткені ол менің төрт жасымда мына жарық дүниеден мезгілсіз ерте кеткен еді. Жиырмаға толған шағымда әлі де болса перзенттік сезім бойымды билеп, күні бүгінге дейін оны сағынудамын. Биыл әкем қасымда болғанда елу жасқа толар еді. Жартығасырлық мерейтойы да тойланар ма еді, кім білсін?! Қасымда болмаса да, әкемнің 50 жылдық мерейтойы мен үшін ерекше маңызды. Сол себептен мен әкемді, яғни журналист Елгезек Әзбергеновты ел есіне түсіру үшін, таныстарының ойын жаңғырту мақсатында осы мақаланы жазуды парызым деп есептедім.

Елгезек Әзбергенов 1950 жылы 25 мамырда Семей облысы, Шұбартау ауданы Көктал ауылында дүниеге келді. Жергілікті мектепті ойдағыдай бітіріп, Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. Мектеп мұғалімі факультетінің әдебиетші-филолог мамандығын алған ол Көктал совхозында мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. Сонымен қатар, аудандық "Жаңа өмір" газетінде бас редактордың орынбасары болып жұмыс істейді. Журналистік таланты бар екендігіне сенген әкем арман қуып, Алматыға келеді. 1975 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түседі. Студент кезінен бастап "Қазақ университеті" және тағы басқа мерзімді баспасөз беттеріне әр түрлі тақырыптарға мақалалар жазып белсенділік көрсете бастайды. Қазіргі кезде жариялаған мақалаларын оқып, оның ой ұшқырлығына, тіл байлығына тәнті болып, әкемнің қаламы төселген журналист болғанына көзім жетті.



Әкем 1980 жылы журналистика факультетін қызыл дипломмен бітіріп, сырттай оқу бөлімінің аспирантурасына түседі, осы факультетте "Кеңес журналистикасының теориясы мен практикасы" атты пәннен дәріс оқыды. З.Қабдоловтың жетекшілігі аясында "Қазақстандағы балалар әдебиетінің дамуы" атты кандидаттық диссертация жазып, оны қорғауға 2-3 ай қалғанда қайтыс болды. 1981 жылдан бастап "Қазақ университеті" газетінде бас редактор қызметін атқарды. Осы қызметте дүниеден өткенге дейін, яғни 1984 жылға дейін қалған болатын.

Міне, осындай қысқа ғұмырында әкем көптеген жетістіктерге қолы жетпей кетті. Көзі тірі болғанда бүгінгі күні ол қоғам қайраткері не болмаса майталман жазушыға айналатынын мен сеніммен айта аламын. Енді-енді толысып, қоғам өміріне белсене араласа бастағанда тайғанақ тағдыр өз шешімін орындатты, 34 жасында туған жерінен, елінен айырып алды. Тағдыр шешімі қатал, шешіміне мойынсұнасың да. Мен білмей, мен танымай кеткен жұмбақ жан - әкемнің дүниеден өткеніне 16 жыл болды. "Әкең өлсе өлсін, көзін көрген өлмесін" демекші, мен әкеммен бірге оқыған, қызметтес, таныс болған адамдарды іздеп жүрмін.

Әкемді көрген бар болса, үнсіз қалмас деген үміттемін.

## ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ЖАЙЫНДА ЖЕТІ БУЫН НЕ ДЕЙДІ?



**Срайл СМАЙЛ, журналист:**

- Желтоқсан оқиғасы - қазақ жастарының мәскеулік жүйеге көрсеткен қарсылығы, қордаланған ашу-ызаның сыртқа шығуы. Сондықтан оны арнайы ұйымдастырды деуге келмейді. Желтоқсан - тарихқа жетпіс жыл бойы миллиондаған жанның өмірін жалмаған кеңестік империяның тамырын шапқан алғашқы балта болып енді.



***Торғын ТҰРЛЫБАЕВА, студент:***

- Желтоқсан - жасынды намыстарын жүрегіне жалау етіп таққан жастардың жанайқайы. Ұлтын сүйген ұрпақтың ұлы дүрбелеңі.

Аланда жылт еткен үміттің сәулесі қазір жарқырап тұр. Қазақ - қасиетті ұлт, Қазақстан - тәуелсіз мемлекет. Тек басымыздағы бағымыз бен қолдағы барымызды бағалай білейік...

...Мен желтоқсан оқиғасын білемін...

## ҚАЙЫРЖАН БЕКХОЖИН - 90 ЖАСТА

# Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші

20-желтоқсанда ғалым-ұстаз Қ.Бекхожиннің 90 жасқа толуына байланысты журналистика факультетінің мәжіліс залында ғылыми-әдістемелік конференция өтеді.



Кешегі идеологиялық қатал қағидаларға тәуелді болған кезеңде өмір сүрген қауым үшін еркін көзқарас білдірудің болмағаны белгілі. Сол бір әкімшілдік-әміршілдік жүйенің құрсауынан шыға алмаған ғылым саласы да талай қиындықтарға кезікті. Әсіресе, қазақ баспасөзі тарихы да сол құрсаудың шырмауынан босай алмай, ақиқат тұрғысында еш нәрсені сыртқа шығара алмаған еді.

Бүгінгі таңда кезінде қазақ баспасөзінің зерттелу жүйесіне барлық күш-қайраты мен білімін жұмсап, заман ағымының көлеңкелі жақтарын астарлап болса да жеткізе білген ғалым ағаларымыздың бірі - Қайыржан Бекхожин 90 жасқа толып отыр.

XX ғасырдың 50-60 жылдарында төл баспасөзімізді зерттеуге қомақты үлес қосқан ғалымның алғашқы журналистік қызметі 1929 жылы Павлодар округтік "Кеңес туы", "Колхоз" газеттерінде хабар-ошар жазудан басталады.

Ол Семейде ана тілінде шығып тұрған "Социалды Шығыс", "Екпінді" газеттерінде 1935-39 жылдары тілшілік қызмет атқарған.

1942 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітіріп, Ұлы Отан соғысы аяқталғанға дейін Қостанай облыстық "Большевиктік жол" газетінде редакторлық қызмет істейді.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін, 1945-47 жылдары аралығында өзі тамамдаған Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөліміне келіп, аға оқытушылықтан декандық қызметке дейін өседі. Оның қазақ журналистикасының тарихына байланысты жазған ғылыми-зерттеу мақалалары аталмыш университетте ұстаздық еткен жылдарында республикалық көрнекті басылым беттеріне шыға бастайды. 1964 жылы "Қазақ баспасөзінің даму жолдары" деген тұңғыш монографиялық еңбегі жарық көреді. Автор мұнда XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ топырағында пайда болған газет-журналдардың идеялық мазмұнын терең зерттеп, қазақ баспасөзінің даму кезеңдерін ғылыми тұрғыдан бағалап, тұжырымдар жасайды.

Ғалым "Қазақтың советтік баспасөзі" зерттеу мақаласында Қазан төңкерісінен кейін іле-шала дүниеге келген кеңестік бағыттағы қазақ газеттеріне тоқталады. Осындай қазақ басылымдарының бірі - 1917 жылы желтоқсанда Ақмола қаласында шыққан "Тіршілік" газеті. Оның шығарушысы - С.Сейфуллин болған.

Сонымен бірге, мақалада 1918 жылы Орынборда шыққан "Қазақ мұңы", Алматыда шыққан "Жетісу іші халық мұхбірі", 1919 жылы Ордада шыққан "Дұрыстық жолы", Семейде шыққан "Қазақ тілі" жайында және "Кирревком" деп аталатын Қазақстан бірінші үкіметінің "Ұшқын" газеттері жайлы айтылады.

Ғалым алғашқылардың бірі болып 1922 жылы Астраханьда шыққан "Кедей тілі", Ордадағы "Қызыл ту", Ташкенттегі "Жас қайрат" газеті мен "Шолпан" журналдарының идеялық мазмұнын аша білген.

Қайыржан Нұрғожаұлының қазақ баспасөзін зерттеу кезіндегі негізгі обьектілерінің бірі - қазақ ағартушылары жайында жазған ғылыми - публицистикалық зерттеулері. Оған мысал ретінде "Қазақ ағартушылары туралы соны деректер" деп аталатын мақаласын алуға болады. Автор бұл мақаласында Қазан төңкерісінен бұрын Қазақстанда және басқа жерлерде шыққан газет-журнал бетінде айтылған жайларға тоқталады. Әсіресе, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин сынды қазақ ағартушылары туралы құнды-құнды пікірлер келтіреді.

Мақалада заман сезімі, заман лебі дәл сол күйінде ашық көрсетілмесе де астарлы ой-пікірлермен жеткізілген.

Ғалымның тағы да бір баспасөзге қатысты мақаласы "Отан соғысы баспасөзде" деп аталады. Онда автор совет халқының Отан үшін жанқиярлықпен күресін әсерлі де тартымды бере білген.

Жалпы, ғалымның мұндай ғылыми-публицистикалық еңбектері осылайша жалғаса береді. Еліміз тәуелсіздік алып, заман ағымы өзгерген шақта Қайыржан сынды ғалымдардың айта алмай кеткен пікірлері қайта жаңғырып, өз зерттеушілерін де тауып үлгерді. Қазақ журналистикасының асыл мұралары қайта зерттеліп, жаңару жолына түсті. Бірақ, табиғи болмысы кішіпейіл, білімді, шәкірттеріне ғылымның асыл мұратын түсіндіруден жалықпаған, шын мәніндегі үлағатты ұстаз- Қайыржан Бекхожиннің ғылым саласында жүрген жолы - бүгінгі ғылым әлеміне қадам басқан кез-келген азамат үшін үлгі-өнеге болып қала бермек.

*Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,*
*тарих ғылымдарының докторы, профессор*
*Ғалия МАЙКОТОВА,*
*журналистика факультетінің ізденушісі.*

## ЛЮДИ НЕОБЫКНОВЕННОЙ СУДЬБЫ

# Человек, который поймал непоседливую птицу

***Умерсеит ШАРИПОВ, доцент кафедры политологии, отличник высшей школы СССР.***

**(В.О.Ключевский о личности педагога)**

**Имя выдающегося русского ученого и педагога было популярно не только среди учащейся молодежи и студентов Московских вузов, но и среди широкого круга русской интеллигенции конца XIX и начала XX столетий.**

Его лекции считали образцом мастерства, глубокого знания материала, высокой культуры речи. Ученик С.М.Соловьева, К.Н.Бестужева-Рюмина, Ф.И.Буслаева - светил русской истории и словесности, природным талантом и широким кругом знаний превзошел своих предшественников, завоевал широкую известность, поистине заслуженное признание современников.

Казалось бы, в наше время, в условиях стремительного развития средств массовой коммуникации, личность преподавателя - носителя знаний, отодвигается на второй план. Но сама жизнь показывает, что роль педагога возрастает по мере демократизации и либерализации общественной жизни. В.О.Ключевский был одним из носителей идей свободы человека, раскованного от будничных невзгод и мелочей быта. По характеристике его поклонников, он всецело входил в образ выдающихся деятелей, о ком шла речь, прошлое становилось настоящим. Так, Ф.И.Шаляпин отзывался о нем восторженно: "В.О.Ключевский сам играл князя Василия Шуйского; тонкий художник слова, наделенный огромным историческим воображением, он оказался и замечательным актером". Ф.Шаляпин был поражен именно актерским перевоплощением своего кумира, когда шла речь об опере "Борис Годунов".

Ниже приводим отрывки из высказываний В.О.Ключевского о роли и месте педагога. Они поучительны и в наше время.

"Чтобы быть хорошим преподавателем, нужно любить то, что преподаешь, и любить тех, кому преподаешь".

"Преподавание принадлежит к разряду деятельностей, силу которых чувствуют только те, на кого обращены они, кто непосредственно испытывает на себе их действие; стороннему трудно растолковать и дать почувствовать впечатление от урока учителя или лекции профессора.

В преподавательстве много индивидуального, личного, что трудно передать и еще труднее воспроизвести. Писатель весь переходит в свою книгу, композитор - в свои ноты, и в них оба остаются вечно живыми. Раскройте книгу, разверните ноты, и, кто умеет читать то и другое, перед тем воскреснут их творцы. Учитель - что проповедник, можно слово в слово записать исповедь, даже урок; читатель прочтет записанное, но проповеди и урока не услышит.

Но и в преподавании даже очень много значит наблюдение, предание, даже подражание. Всегда ли знаем мы, преподаватели, свои средства, их сравнительную силу и то, как, где и когда ими пользоваться? В преподавательстве есть своя техника, и даже очень сложная. Понятное дело: преподавателю, прежде всего, нужно внимание класса или аудитории, а в классе и аудитории сидят люди, мысль которых не ходит, а летает и поддается только добровольно. В преподавании самое важное и трудное дело заставить себя слушать, поймать эту непоседливую птицу - юношеское внимание. С удивлением вспоминаешь, как и чем умели возбуждать и задерживать это внимание иные преподаватели".

Сказанное выше в равной степени относится и школьному учителю, и преподавателю вуза. Не случайно говорят: "Самая высокая награда для педагога - это внимание его учеников".

ТАНЫМ

# Бір Аллаға сиынған ел

*(Сауд Арабия корольдігі)*

Әрбір Сауд Арабия мемлекетінің азаматы қай істі болмасын, алдымен Алланы аузына алып, "Қайырымды, рақымды Алла атымен", - деп бастайды. Яғни, біріншіден Аллаға, екіншіден, корольға бағынатын ел.

Мемлекет атауы ресми түрде - Сауд Арабиясының корольдігі деп аталғанымен, араб тілінде "Сауд Арабиясының Мемлекеті" деп жазылады.

Мемлекеттік тілі - араб тілі, кең тараған өзге тіл - ағылшын тілі. Бірақ, араб тілінің мәртебесі шексіз жоғары.

Мемлекеттік діні - Ислам. Ресми діни және саяси идеологиясы негізі XVII ғасырда қаланған Мухаммед бен Абд әл-Уаһабтың іліміне сүйенеді.

Туының түсі - жасыл. Елтаңбасы - құрма ағашының астыңғы жағында бір-біріне айқасқан екі қайқы қылыштан құралады. Жасыл туларына "Бір Алладан басқа Құдай жоқ, Мухаммед ғ.с.с. оның елшісі" деген куәлік сөз жазылып, оның астына жалғыз қылыш белгіленген.

Ұлттық валютасы - Сауд риалы. 1993 жылдың маусым айынан бастап 1 сауд риалы - 0,27 АҚШ $-тең.

### Алға жылжудың алты ұстанымы

Сауд Арабиясының тәуелсіз мемлекет ретінде құрылғанына биыл Ай хижрасы бойынша 101 жыл болды. Оның соңғы 30 жылында ғана бұл мемлекет қарыштап дами бастады. Байлығының басты көзі - мұнай.

Сауд Арабиясының тәуелсіз мемлекет болуға жасаған алғашқы қадамы шамамен 1740 жылдардан басталады. Бұл күрестің идеясында Мухаммед ибн Абд әл-Уаһабтың ілімі алынды. Ол діни бағытта төрт сүнниттік мазһабтың ханбалдық жолын ұстанды. Оның іліміндегі басты қағидалар мыналар:

1) адамдардың сиынуына тек бір Алла ғана лайық;

2) қоғамдық саяси салада әлеуметтік үйлесімділіктің болуы;

3) барлық мұсылмандардың туысқандығы мен бірлігін уағыздау;

4) исламның моральдық-этикалық принциптерін қатаң сақтау;

5) сән-салтанат пен пайдакүнемдікті көздеген құмарлықты айыптау;

6) Ислам принциптерінен "ауытқыған" мұсылман-көпқұдайшылдарды тура жолға түсіру үшін жиһад жариялау.

Қазіргі Сауд Арабиясы - осы 6 принцип негізін ұстанған ел. Мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы ел болуы үшін бір Аллаға сиынып еңбек етіп жатыр. Ең тамашасы - еңбектерінің жемісін көріп жатқандығы.

Мемлекеттің басым бөлігін шөлді құм алып жатқанына қарамастан, теңіз суын тұщытып, одан қалса, Антарктидадан айсбергтерді кемемен сүйретіп келіп, халқын ауыз сумен, егістерін суармалы сумен қамтамасыз етіп отыр.

### Киелі қағба, қасиетті қалалар

Бәрінен де қалаларын айтсаңызшы! Сауд Арабиясы дегенде есіңе еріксіз өзіндік тарихи маңызы бар қасиетті Мекке, Медине, Жидда, Әл-рияд қалалары түседі.

Нақтырақ тоқталып өтетін болсақ, Мекке - өте көне қала. Онда Мухаммед пайғамбар мекендеген. Сонымен қатар, барлық мұсылмандардың қажылық қызметтерін атқаратын қасиетті шаһар. Яғни, қажылар мұсылманға тән қаиеттерді осы қаланың оңтүстік шығысына қарай орналасқан Арафа. Мүздалифа, Мина тауларының баурайында орындайды.

Мекке қаласынан шыға берер тұста, сол жақта, ұзыннан-ұзақ салынған әсем ғимараттар кездеседі. Бұл ғимараттар - Қағбаның жапқышын жыл сайын жаңартып тігіп отыратын шеберхана болып табылады. Ол 1930 жылы құрылған.

Ал, Жидда қаласы - Қызыл теңіз жағасында орналасқан сауда орталығы. Мұнда ірі-ірі сауда, өнеркәсіп, құрылыс мекемелері бар және туристік кемелер тұратын порттар бар.

Медине қаласы суы көп оазисте орналасқан. Онда көптеген жемістер мен дәнді-дақылдар егіледі. Қаланың аты бұрын Мухаммед пайғамбар 632 жылы көшкенге дейін Иасриб деп аталған. Қалаға көшіп барғаннан кейін ол қала ислам дінін уағыздау орталығы болды, сондықтан болар, "нұрланған қала" деп аталды.

Әр-рияд - 2 млн.-нан астам адам тұратын жаңа қала. Бұл қала барлық салада нақты дамудың куәсі. Тоғыз жолдың торабында, елдің құрлықтағы байланыс жолдарының қиылысына орналасқан Әр-Риядта ұлттың Әл-Мәлік Хамид әуежайы Сауд Арабиясына кіретін басты қақпа болып табылады.

### Мемлекет тарихы немесе корольдер керуені

VII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың екінші жартысына дейін Араб жарты аралы көптеген Халифаттар мен Әулиеттердің билеуін басынан өткерді. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ханбалдық мазһаб принциптеріне сүйенген Неджден шыққан Мухаммед бен Абд әл-Уаһхабтың ілімін ту еткен әл-Сауд әулеті Араб жарты аралдарын бір тудың астына біріктіру үшін жиһад соғысына шығып, XIX ғасырдың басында жеңіске қол жетті.

1808 жылы саудиялықтардың 1-ші мемлекеті құрылып, ол Араб жартыаралының басым бөлігін бір тудың астына біріктіргенімен, көп ұзамай іштей ыдырауға мәжбүр болды.

1927 жылдың қаңтар айында Абдел Азиз Абдел Рахман ибн Сауд-Хиджаз, Недж және біріктірілген аймақтардың тұңғыш королі болып жарияланды.

1932 жылдың 23 қыркүйегі күні король Абдел Азиз "Араб корольдігінің бөліктерін біріктіру туралы" тарихи декретін жариялап, бұдан былайғы жерде мемлекетті - Сауд Арабиясының Корольдігі деп атау үйғарылды.

1953 жылы Абдел Азиз қайтыс болып, орнына ұлы әл-Сауд король болып тағайындалды.

1958 жылы Король әл-Сауд барлық әкімшілік билікті мұрагер ханзада Фейсалға беру туралы декретке қол қойды.

1964 жылы 2 қарашада Фейсал король болып тағайындалды.

1975 жылы 25 наурызда Король Фейсал қайғылы қазаға ұшырап, орнына бауыры Халед король болады.

1982 жылы 13 маусым күні Король Халед жүрек ауруынан қайтыс болып, оның орнына Фахд бен Абдел Азиз әл-Сауд король болып тағайындалып, мұрагер ханзада ретінде оның орнына Абдолла жарияланды. Сонымен, Сауд Арабия елінің қазіргі королі - Фахд бен Абдел Азиз әл-Сауд. Ол он сегіз жылдан бері басшылық қызметті атқарып келеді. Абдел Азиз атақты король болған Фейсалдың бауыры.

### Сауд Арабиясы корольдігі және Қазақстан Республикасы

Сауд Арабиясы мен Қазақстан қарым-қатынастары екі ел арасының шалғайлығына қарамастан, атам заманнан бастап орнағаны тарихи шындық. Бұл қатынастар тарихи деректер бойынша VIII-IX ғасырларда орнаған.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялағанда, оны ең бірінші болып танығандардың арасында Сауд Арабиясы корольдігінің болуы да, сол ертеден келе жатқан ескі таныстығымыздың бір белгісі болып табылады.

Нақты деректерге сүйенсек:

- 1993 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ақ жол тілеп, қазақстандық 300 қажыны қасиетті Мекке-Мәдинеге қажылық сапарға шығарып салды.

- 1994 жылы қыркүйек айында президентіміз Н.Назарбаевтың Сауд Арабиясы корольдігіне тұңғыш ресми сапары болды.

- 1996 жылы мамыр айында мемлекеттік хатшы А.С.Есімов бастаған үкіметтік делегация Сауд Арабиясы Корольдігінде болып қайтты. Сол жолы әр-Рияд қаласында Қазақстан Республикасының елшілік үйі ашылды.

- 2000 жылдың 31 қазан - 3 қараша аралығында Сауд Арабиясы Корольдігінің бекзадасы Сұлтан бен Абдул Азиз әл-Сауд Қазақстанға ресми сапармен келіп қайтты.

2000 жылдың 27 қазан - 7 қараша аралығында Сауд Арабиясы Корольдігінде Қазақстаннан арнайы шақырған тұңғыш журналистер тобы болып қайтты.

### Ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Ең алдымен ұқсастығына келетін болсақ, екі ел де мұсылман дінін ұстанады. Сосын қонақжай, қонаққа аса көңіл аударады. Сауд Арабиясы халқы қазақтар секілді сүннеті ел. Мәселен, мухаммед пайғамбардың өсиеттерін бұлжытпай орындауға тырысады. Екі елде де лауазымды тұлғалардың өзі қол алысып "Ассаламалейкум" деп амандасады.

Ал, наным-сенім; әлеуметтік айырмашылықтарына келсек, біздің қазақ Алладан кейін, ата-баба аруақтарына сыйынса, ол Сауд Арабиялықтар үшін өте өрескел жайт.

Ораза күндері барлық жұмыс орны тоқтап, тамақ, тұтыну тауарлары сатылатын орындар тек түнде жұмыс істейді.

Елдегі ең көп жалақы алатындардың тізімінде бірінші болып әскер және полиция қызметкерлері тұрады. Сауд Арабиясының дүкендерінде арақ-шарап сатылмайды. Сауд Арабиясы - құлықтық полиция (полиция нравов) ұстайтын елдердің бірі болып табылады. Олардың қызметі - исламдық мінез-құлық қағидаларына сәйкес келмейтін әрекеттердің алдын алуға және болдырмауға бағытталған. Сауд Арабиясының көпшілік қоғамдық орындары мен құрылыстарында негізінен Индонезия, Пәкстан, Мысыр, Судан, т.б. елдерден келген жалдамалы жұмысшылар жұмыс істейді. Негізгі белгілері - осы.

Бір сөзбен айтқанда, Сауд Арабиясы - Аллаға сиынған ел. Мейлі, дәл сол Сауд Арабиясындай дінге жаппай үйыған діндар ел болмасақ та, бір Алланың құдіретін мойындап алсақ та жарар еді. Себебі, қасиетті Құран-Кәрімде: "Әуелі сен сананды Алла тағала үшін ашшы, қалғанын Алланың өзі туралайды", - деп көрсетілген ғой.

*Гүлмира ӘБІШЕВА, халықаралық журналистика кафедрасының 4 курс студенті.*

ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАРИХ

# Авраам Линкольн

1865 жылдың 14-сәуірінде Вашингтонның Форд театрындағы "Наша американская кузина" қойылымы кезінде президент Авраам Линкольн ауыр жарақат алды. Президент сол күнгі спектакльде ойнамаған театрдың бетке ұстар актері Джон Буттың қолынан жараланды. Әлде Джон Бут өз қойылымын қойғысы келді ме, кім білсін? Шаппаны баспас бұрын ол Шекспир шығармаларының біріндегі бүлікшінің "Жауыздарға - өлім!" деген сөзін айтыпты. Бірақ пьесаның қызығына батқан Линкольн тарих қойнауында жатқан терең мағыналы сөздің қайталанғанын бағалап үлгермесе керек. Оқ президенттің шүйдесінен өтіп, оң көз аймағын зақымдады. Дәл сол кезде ложада бірге болған президенттің досы майор Генри Ретбон атқан кісіні ұстаймын деп ұмтылғанда пышаққа түсті. Алайда аяғынан жарақат алса да, қарбаласта Джон Бут қашып кетті (Оны 11 күннен соң Вирджиниядағы ранчодан - Шекспир шығармасындағы бүлікші секілді өзін-өзі өлтірген соң тапты).

Театрдағы қанды қойылымға Конфедерация астанасы Ричмондтың капитуляциялануы түрткі болды. Ал Бут конфедерант болатын.

4 жыл бұрын 1861 жылдың 12-сәуірінде оңтүстіктіктердің Самтер фортына жасаған шабуылынан басталған азаматтық соғыс Солтүстіктің мардымсыз кеңесімен аяқталды. Екі жақтан да 600 мыңнан астам адам қаза тапты, әрине, көп бөлігі федераттарға тиген болатын. Өндірісті қолданушы Солтүстікке қарағанда арзан құл еңбегіне қызығушы Оңтүстіктің аграрлық штаттары 50-жылдардың ортасынан бастап азаматтық әрі мемлекеттік қоғамда өз позициясын жоғалта бастады. 1854 жылы құрылған Республикалық Партия елдегі құлдықты жоюды өз мойнына алды. Республикандық Авраам Линкольннің 1860 жылғы президенттік сайлаудағы жеңісі федерация құрамынан оңтүстіктегі 11 штаттың шығуына әсер етті. Америка екіге бөлініп кетті. Әр бөліктің өз конституциясы, өз президенті, өз армиясы болды. Әскер саны басым Оңтүстік бірінші шабуыл жасады. Федерацияға сәтсіз болған соғыс бастамасы Линкольнға құлдыққа қарсы ең радикалды шешімдерді ойлап табуға септігін тигізді. 1862 жылдың мамырында - Homestead act - аз ақшаға 64 га көлеміндегі жерге ие болуына мүмкіндік тудыратын заң жарық көрді, құл иеленуші плантаторлардан осылайға игерілмеген жерлер алынды. Желтоқсанда президент көпке белгілі "Босату жөніндегі прокломацияға" қол қойды, оған сәйкес қара құлдар тек қана бас бостандығын алып қоймай, әскерге баруға хұқылы болды.

Солтүстіктің жеңісін нағыз жеңіс деуге болар еді, алайда...

Актер қолынан қаза тапса да, құрбандар қатарына Авраам Линкольнды да кіргізуге толық хұқығымыз бар. Өмір - театр.

*Индира ТАБЫЛДЫ.*

В МИРЕ ИНТЕРЕСНОГО

## Родители очень хотели сыновей, но родили 21 дочь

*Турецкая семейная пара очень хотела иметь сыновей, но у них все время рождались дочки. В результате за годы брака у счастливых родителей родилось 25 детей - 21 дочь и 4 сына. Старшему из детей 33 года, а младшему - всего четыре. 50-летний турок женился, когда его невесте было всего 15 лет. "У нас рождались девочки, а мы очень хотели мальчиков. Поэтому и продолжали рожать. Только в 11-й раз на свет появился мальчик", - рассказал он.*

## Малолетний лихач

*В пригороде Пуэрто-Рико дорожный полицейский остановил машину, где за рулем сидел семилетний мальчик, а пассажирское место занимала четырехлетняя девочка. Малолетний лихач, чтобы избежать наказания, стал убеждать полицейского, что ему уже 18 лет и он имеет право водить машину. Мальчик катал свою четырехлетнюю племянницу. Сосед это увидел и позвонил в полицию.*

## В токийских поездах появятся вагоны, куда не будут пускать мужчин

*Японские железнодорожники решили защитить женщин от приставаний пьяных попутчиков. Для этого в пригородных поездах и метро на время праздников появятся специальные вагоны, куда не будут пускать мужчин. Теперь в каждом поезде, который вечером отправляется из центра Токио в густонаселенные пригороды, будет "женский вагон", в котором дам будет сопровождать офицер полиции.*

*Подготовил Сеил ХУМАР, студент 4 курса кафедры международной журналистики.*

*Жалғасы. Басы өткен санда).*



Марат БАРМАНҚҰЛОВ

# Түрік сарбазы жайлы шындық



"Шығыс Түркістан ежелгі және орта ғасырда" атты беделді еңбекке жүгінейік (М., "Наука", 1992). Онда "Христиандық" деп аталатын тарау бар. Осы тарауда бұл өлкелерде хрестиандық VI-VII ғасырдың өзінде таралып, X-XIV ғасырларға дейін сақталғаны айтылады. Бұл туралы көптеген деректер бар: "...Еуропа саяхатшылары - Плано Карпинидің, Г. Рубруктың, Марко Полоның жазбалары, Жетісу мен солтүстік Моңғол жеріндегі сирия мен түрік тілдерінде қабір үстіне жазылған ескерткіш сөздер, Хара-Хотоның сирия және сирия-түрік тілдеріндегі текстері (533-бет)". Сонда Ян мен Калашниковтың алыс ғасырлар түкпірінен сезген "сарымсақ иісі" қайдан шығып жатыр? Ал олардың христандық жөнінде жазылған жолдарды көздері шалмаған. Көре қалғанда, олардың қатал ғасыр, құбыжық жабайылар туралы дәйектемелерінің тас-талқаны шығар еді.

## II. Түйелер пілдерге қарсы шапқан

Дұшпандары өздеріне қарсы күтпеген қаруды қолданған кезде түріктер де оларға қарсы тұтқиылдан қарсы қару жұмсай білген. Мысалы: пілдермен болған күресті алайық. Бұл Темірдің үнді жорығында болған. Делидің түбінде Темірлан әскеріне аса қуатты хайуан- алпыс шақты пілді қарсы қойған. Олар жай ғана пілдер емес, кейде "марфилдер" деп аталған, әскери хайуандар.

Бұл әрекеттің күтпеген жерден болғаны соншалық, Темірлан алғашқы күні, бір кездегі Ескендір Зұлқарнайын құсап жеңіліске ұшыраған.

***Тарихшылардың айтуына қарағанда, пілдер Темірлан әскеріне қарсы 1398 жылдың желтоқсанында жіберілген. Дели сұлтанының әскер құрамында 120 піл және 10 мың атты сарбаз болған.***

Сол тұста Темір де дұшпанға қарсы жауап ретінде күтпеген жерден соншалықты үрейлі түрдегі түйелерді айдап салған. Бұл да жай түйелер емес, от-жалын шашқан түйелер еді. Лапылдаған жалынға оранған бейтаныс зор дала жануарларын көргенде, үрке қашқан пілдер өз сарбаздарын басып-жаныштап кеткен.

Бұл - ойдан шығарылған аңыз не ауызша айтылған сөз емес. Мұны жазған Темірланның тұстасы, Самарқандағы инабатты испан елшісі Руи Гонсалес де Клавихо. Деректер оның "Самарқанға, Темір ордасына саяхат" атты күнделігінде келтірілген (1403-1406), (М., "Наука, 1990): "Бірінші ұрыста Тамурбек үнді мырзасынан жеңіліс тапты. Келесі күні шайқас қайта жалғасты; Тамурбек мырза көп түйе әкеліп, оларға сабан артып, пілдерге қарсы қоюға әмір етті. ұрыс басталған кезде, ол сабанға от қоюды бұйырды. Пілдер от шарпыған түйелерді көргенде тырағайлап үрке қашты. Тегі, пілдер оттан қатты қорқады деседі " (124-бет).

Кастиль корольдігінің елшісі Темірдің кейбір ұрыстарын тек жай суреттей салмаған. Ол үнемі Темір әскерінің жеңіске қалай қол жеткізгенін талдап отырған. Темір өз сарбаздарын жау әскерінің санына қарай көбейтіп отырмаған. Ол сол кезде де, қазір де тиісті деп саналатын тез айла-әрекет жасау, керуенге тап беру және талқандалған тылға көмек көрсету үшін алыстан азып-тозып, шаршап-шалдығып келе жатқан жау қолына қарсы шабуыл жасау сияқты тұтқиылдан ұрыс ашу әдісін ұнатқан. Тыныгып, қатарын түзеп, қайда барып, қалай ұрынуды жақсы түсінген Темір сарбаздары құты қашып, берекесі кеткен жау әскеріне қырғидай тиетін болған.

Алғашында ұрыстың мұндай барысы бірегей қолданылған тапқырлықты аңғартқандай көрінеді. Алайда, осының өзін де Клавихо егжей-тегжейлі суреттейді. Түрік әкімімен күресте Темір тап осылай істеді: "Тамурбек өз жеріне енгенін білген кезде Түрік жүк керуенін Ангури деп аталатын (Анкара) бір мықты сарайға қалдырып, өз бағытын дереу өзгертті. Барлық сарбазын жиып алып, шұғыл түрде Тамурбекке қарсы бет алды. Ал Тамурбек Түріктің құлығын сезе қойып, бұрынғы жолынан кілт солға бұрылып, биік тау асуларымен жүрді. Тамурбектің басқа жолға түскеніне көзі жеткен Түрік, оны қашқан екен деп түсініп, шамасы келгенше тездетіп соңына түсті. Тамурбек болса. тау ішінде сегіз күндей аялдап, содан кейін тегіс жолға шығып, Түрік керуенін қалдырып кеткен Ангури сарайына келіп, оны басып алды. Мұны білген Түрік асығып-аптығып Ангуриге жетем деп, әскерінің сілесін қатырды. Тамурбек осылайша айламен Түрікті алдап соқты. Осы жерде болған ұрыста Түрік әскері жеңіліп, тұтқындалды..."

Бұл жерде Темірдің полктарды тиісінше сапқа тұрғызу, оларды кезегімен ұрысқа қоса білу, дұшпанды әлсіретіп, титықтататын айла-тәсіл қолданып, жауды өтірік лақаппен алдау, онын тылдағы бөлімшесін басып алу және қайыра шабуылдап, өлтіре соққы беру сияқты соғыс өнерін шебер пайдалана білгені аңғарылып тұр.

Испан елшісі жазған бұл ұрыс 1402 жылы болған. Сол жылы Темір Анкара түбінде Баязит әскерін талқандады. Ол ұрысты белгілі қалыппен бастаған жоқ. "Түрікке" бір есе таяу келіп, бір есе қашықтай түсіп, ұрыстың басында да, оның барысында да айла-шарғы жасаумен болды. Испан елшісінің жазуына қарағанда, Темірлан ұрыстың бұрын қалыптасқан дағдыларын батыл бұзып отырған.

***Ол кездегі психологиялық сәттердің маңызы туралы көп айтылмайды. Ал Темірлан осы сәтті есте ұстай білген. Дұшпан қамданып күтіп тұрған кезде ол ұрысқа шықпаған. Оның сарбаздары бірнеше дүркін шабуыл сәтіне ұқсас әрекеттер ғана жасаған. Темірлан қарсы жақтың қырағылығын бәсеңдетуді мақсат тұтқан. Шабуылды қарсы алдында тұрған жаудың негізгі күшіне емес, жанама күшіне салған. Негізгі жау күшіне олар моральдық жағынан да, ұйымшылдық жағынан да шашырап қалған кезінде соққы беретін болған.***

Бұл, әрине, кездейсоқтық не бірен-саран ретте кездесіп қалатын тапқырлық емес. Алтын Орда "императоры" Тоқтамыс әскеріне де осындай әдісті қолданған. Темірлан ұзақ жол жүріп Тоқтамыс колын Терек өзенінің өн бойына шашыратып, сілесін қатырған. Содан кейін ханның негізгі күшіне килігіп, тыл тұсынан тап берген. Бұл кезде жау жүк керуенін қорғауға асығып, шұбай жүріп, шаршап, титықтаған болатын.

Бұл Тесина (Терек) деп аталатын үлкен өзен бойында 1395 жылы болған ұрыс еді. Осы шайқас туралы дәйекті дерек жоқ. Алайда, бұл күйреп жеңілу Алтын Орданың күні батуына себепкер болған.

Темірлан қолында аса көп адам болмаған. Ал бұған дейін Қырымды, Арменияны, Әзірбайжанды тізе бүктірген Тоқтамыс әскерінің саны есепсіз болатын.

Темірдің Тоқтамысқа қарай асыққаны өзеннен өтетін жалғыз өткелді тартып алу еді. Бірақ "император Тотамих" өткелге бұрын жетіп, оны бөренелермен бекітіп тастады. Сөйтіп, Темірдің келуін күтіп қарсы жақта қасқиып тұрды. Ал Темір болса өткел де, Тоқтамыс та оған бөгет болмайтындай кейіп танытты: "Келесі күні Тамурбек өз әскерін өткелден жоғары қарай қозғады, сол кезде Тарталия императоры өз қолын өзеннің екінші бетімен жоғары өрлетті; сөйтіп, екі жақ қатарласа жарысты. Тамурбек әскерін тоқтатса, Тохтамих та судың арғы бетінде тоқтап тұрды. Осылайша олар үш күн бойы сарсылтып, жүріп қойды, бір-бірін басып озған жоқ. Үшінші күні Темірлан әйелдерге дулыға киіп, ерлерге ұқсас болуға әмір етті, ал ерлерге дереу кері қарай оралуға тәртіп берді. Әскери қосынды - ерлерге ұқсас әйелдерді және тұтқындар мен құлдарды бір орында қалдырып, Тамурбек өткелге кері оралды; үш күндік жолды ол бір түнде өтті де, өзеннен арғы бетке шықты. Үш сағатқа жуық император Тохтамихтың әскери қосынында ұрыс салды, жауды талқандап. көптеген дүние-мүлкін тартып алды, Тохтамих қашып үлгерді. Бұл Тохтамихтың орасан зор әскерін қиратқан даңқты жеңісі еді".

***Темірлан, әрине, қатал болды. Оның жауды жазалауы дене түршіктіреді. Мүмкін, қаталдығымен дұшпан арасында үрей туғызу да оның белгілі бір құралы болған шығар. Өйткені, ол ұрысқа дейін де қарсыласын қорқыныштан қалтыратып, тізгіндеп тастайтын.***

Темір қайырымды да еді. Өзіне тиімді жағдайда осындай болған. Ол Тоқтамысты тек мүсіркеп қана қойған жоқ, Алтын Орда жеңіліске ұшырағаннан кейін Тохтамысты өз сарайына жақын тартты. Ал Тохтамыс болса, өзінің қамқоршысы Темірланға қол көтерді. Кезінде жас Тохтамысқа пана болып, Ақ Ордаға билікші қылған, Алтын Орданың тағы үшін күресте оны қолдаған осы Темірлан болатын. Тоқтамыс 1395 жылы Терек жағасындағы жеңілісінен кейін де бірнеше дүркін қол жинап, Темірланмен күреске шықпақ болды.

Темірлан өз жеңісімен Алтын Орданы қансыратты. Теректегі ұрыстан кейін оның төменгі Еділді тонағаны, Алтын Орданың екі негізгі шаһары - Сарай-Берке мен Хаджи-Тарханды, сондай-ақ, Қырым мен Кавказды тізе бүктіргені белгілі.

Клавихоның тұстастары - Ибн Арабшах пен Жерсер ад-дин Йездидің айтуынша, Темір Қырым Кафасын тонап, Азовты өртеп жіберген. Арабтың тарихи әдебиеттерінде Тоқтамыстың 1396 жылы Қырымға аттанғаны туралы деректер бар. Мәселен, ал-Аскалани Тохтамыс пен генуэлық франкалардың арасында үлкен қақтығыс болғанын айтады. Ибн ал-Фураттың пайымдауына қарағанда, Тохтамыс Кафаны "билеушілермен" ұрыс салған.

Темірланның Алтын Орданы күйретуі де осы күшті мемлекетті екінші қатардағы елге айналдырды. Орданы моңғол мемлекетінен түрік мемлекетіне көшірді, Шыңғыс әулетін жергілікті хандарға ауыстырды.

Ұлы ақсақ әмірші тек Тохтамысқа ғана емес, оның ұлдарына да кешірім берді. Де Клавихо Тесинадағы шайқасты аяқтай келіп, "Тохтамих пен оның ұлдары тірі, Тамурбекпен тату тұрады" депті (144-бет).

Алтын Орда билігін ақ-мангит руынан шыққан Едіге өз қолына алды. Ол алғашқыда Тохтамыстың нөкері және Мамай сияқты он мың басы болды. Темірдің қарауында әскер қосшысы болған. Одан кейін Темірге сатқындық жасап, оны Тохтамысқа қарсы шығарған. Ноғай эпосының кейіпкері Едігені де Клавихо былай деп сипаттайды: "Тамурбекте қызмет істейтін Едугий атты бір ер жігіт татарлардың арасында алауыздық туғанын біліп, олармен келісіп, Тамурбекке және өздеріне жау болғандарға қарсы шығатынын айтады. Олар мұны көсем жасаған; Ол Тамурланға қарсы көтеріліп, оны өлтірудің сәтін аңдыған..."

Темірлан не істеген? Едігенің шыққан тегі жөнінде Темірланға, Тохтамысқа, басқа да хандарға қарағанда, төмен болғандықтан Темірлан оған жауыға түсуі мүмкін бе еді?

Темірлан Едігені іздеттіріп кісі жібереді... өзінің оны ұнататынын, дос болғысы келетінін, тіпті туыс болуға, өзінің немересін Едігенің қыздарының біріне үйлендіргісі келетінін білдіреді.

Иә, Темірлан соғыста ескі дағдыны бұзып қана қойған жоқ, ол елдерді басып алуды да біржақты қасаң түрде түсінбеген. Жеңілгендердің шексіз бағынышты болуын да қаламаған. Оған өз күшіне өзгені бағындыру фактісі ғана қажет болған. Достықта да солай. Өзіне сатқындық көрсеткендерге өлтірем деп үрей салып, әскермен барған. Оған бір ғана ел, не әлемнің бір бөлігі емес, тұтастай құрлықтар қажет болған. Оның патшалық мөрінің ортасында эллипс тәрізді үш сақина бейнеленген. Бұл - әлемнің жаулап алынған үш бөлігін көрсетсе керек.

## III. Жеңімпаз теңге

Таңқаларлық іс: Темір Бағдатты 1392 жылы басып алды, Тоқтамысты Терек өзенінде 1395 жылы талқандады, 1396 жылы, сол кезде "Азак" деп аталатын Азовты алды, Дели түбінде сұлтанды жеңді, 1398 жылы сонда қайтадан "моңғол" болып оралды. Оның сарбаздары бұрымын өрген "моңғол" ішінен еді. Өзін "моңғол патшасымын" деп атады. Темір елі кейде Моңғолия немесе Моңғолстан деп аталды. Оның Индиядағы қойған басшылары моңғолша билік жүргізді. Алайда, бұл тек сыртқы көрініс еді. "Ұлы моңғолдар" түрік тілінде сөйледі. "Моғолдар" "хандар хатын" жазуға түрік әріпін пайдаланды. Тұтас монғол рулары түріктендірілді.

***Темір - тамаша қолбасшы. Оның айлакерлігінде, зұлымдығы мен қаталдығында шек жоқ болатын. Ал сол кездегі өмір шындығы одан да зұлым, айлалы еді. "Ұлы моғол" өзінің барлық тамаша жеңістерін түріктерге арнады, солар үшін соғысты.***

Оның әкесі Тарағай Қашқандария даласын, демек, Кешем мен Несефті (Карши) иемденген түріктеніп кеткен барлас руынан еді.

XV ғасырда Мавераннахрда түріктенген көшпенділер, Шағатай әулетінің әлдеқашан жойылып кеткеніне қарамастан өздерін "шағатайлықпыз" дейтін.

Самарқанда олар түрікше сөйлеп, жазған. Тіпті, испандық Клавихо мұны аударып: "Бұл өзеннің арғы жағында Самарқан патшалығы орнаған, ал оның жерін Монғолия (Монғолстан) деп атайды, тілі моғолдық. Бұл тілді өзеннің бұл бетіндегілер түсінбейді. өйткені, барлығы парсы тілінде сөйлеп, түсінеді, себебі жергілікті тіл мен парсы тілінің айырмасы шамалы. Өзеннің арғы жағындағы самарқандықтардың моғалдық деп аталатын жазуын бергі беттегілер білмейді. Ал көсем осы тілде оқып, жаза білетін бірнеше жазғыштарды ұстады" дейді. Бұл тіл мен оның жазуын шартты түрде "шағатайлық" деп атады. Ол жоғарыдан төмен қарай жазылатын, соғдалықтардан алынған. Осы жазуды түріктер жүздеген жылдар бойында пайдаланды. Түрік жазуы монғол мемлекеттерінде "хандық" деп аталып, онымен көбі дипломатиялық құжаттар жазылған. XIII ғасырда ол монғол жазуына, кейін маньчжур жазуына ауыстырылды, сонда бүгінге дейін сақталып келеді. Ал түріктер басқаша жазуды игерді.

***Темір түрік тілінде сөйлей де, жаза да білген. Ол Самарқанда болғанда көптеген атаулар мен түріктерді түрік тілінде өзінше баяндап бере алған. Квалихо айтқандай, түрік тұрғындары Самарқанды - Семізкент-Байқала, Бұхарды - Бояр, Пекинді - Хан-балық (Хан қаласы), Азовты - Азак, Армениядағы жазғы тұрақты - Алатаг, Теректі - Тесин, Әмударяны - Аби-Аму деп атаған. Кейінгі кезде парсы, араб тілі элементтерін қосып алғанға дейін Темір Самарқанда болғанда негізінен түрік тілінде сөйлеген.***

Темір жазбалары бұл күнде тіптен "Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте" де ескерілмеген. "Өзбек тілі" деген бөлімінде "1927 жылға дейін араб, сонсын латын әрпімен жазылған" деген ескерту ғана бар (532-бет). Сонда "хандық", соғда жазуы қайда? Ол туралы бір де сөз жоқ. Солай-ақ болсын "Хандық жазуды" түрік тілінің қыпшақтар тобына жатқызайық, бұл қазақ және "Шағатай" тілдеріне бір табан жақын.

Теміридтер түрік тілін ескі өзбек тіліне де жатқызбайды. Ескі өзбек тілінің шығуы ақын Әлішер Наувои творчествосына байланысты делініп жүр. Шіркін, Клавихо 1405 жылы түріктің қай тілін, қай жазу-сызуын өз көзімен көрді екен?!

Темірдің тілі мен жазуы ғана емес, оның таңбасы да түрік тілінде болған. Оның мөріне қондырған, теңгелеріне соқтырған үш шеңбер бейнесі осы жерде шамамен XII ғасырда болған ескі Түрік мемлекеті Қараханидтерден шыққан. Қараханидтер 927 жылдан 1212 жылға дейін Жетісуда, Оңтүстік Балқаш бойында және Шығыс Түркістанда билік жүргізген. Темір солар өткен жолдармен жүрген, мәдениетін, жазуын және ақшадағы таңбасын да қайталаған.

Ол Темірдің теңгелерін шығарған елдерді өзіне бағынышты деп санаған: "Ол өзге елдерге елші жіберіп, олардың сұлтандарына өз елінде Темірдің теңгесін соғуды, соның Елтаңбасын қабылдап, алым-салық төлеп отыруды тапсыруды бұйырған. Ол кезде Темір ақшасын шығарғандардың "сомдық аймаққа" бірігуі неғайбыл, бірақ оның теңгесі аймағына қарағаны сөзсіз. Темірдің теңге аймағы "сомдық аймақтан" әлдеқайда кең көлемді еді. Егор Гайдардың сомдық аймағы мен Темір теңгесі аймағының қайсысы ауқымды екенін оқырмандар өздері бағалайтын болар.

***Темір теңгелерінде айшықты белгі - Күн астында тұрған арыстан бейнесі жиі соғылатын. Бұл белгі XIII ғасырда кеңінен тараған. Әсіресе, оны Кіші Азиядағы солтүстік Гийас ад-дин Кайху-Хосрау (1237-1246) өз теңгелеріне соқтыра бастағаннан кейін осылай болған. Кейінірек бұл нақышты белгі Газан-хан (1317-1335) ильхамдарының теңгелерінде әртүрлі нұсқаларда қайталанады. Мысалы, олар Ульджейту (1304-1317) және Абу-Сайд (1317-1336), кейбір алтынордалық хандар, басқа да билеушілерде кездеседі. Күн астындағы арыстан бейнесін Клавихо Темірлан әмірі бойынша тез тұрғызылған Кешедегі Ақ-Сарай ордасынан да көреді.***

*(Жалғасы бар)*

## СПИД күн сайын 7000 адамның өмірін үзуде...

# Ғасыр қасіреті

Соңғы жылдары жер шары халықтарының назарына XX ғасыр обасы аталған СПИД (синдром приобретенного иммунодефицита - иммунитет жетіспеушілік синдромы) дертіне ауруда. Қазірдің өзінде жүз мыңдай адамның өмірін алған осы бір қатерлі ауру жайында әр елдің түкпір-түкпірінде күн сайын хабар бермей отырған ақпарат құралы жоқ шығар.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы өкілінің 1989 жылғы 5 қаңтардағы хабарында (жер жүзінде 1988 жылдың 31 желтоқсанына дейін СПИД ауруы 142 елде тіркелгені айтылған. Ал 9 айдан кейін бұл ауру 152 мемлекетке тараған.

Медицина ғылымының мамандары "Мұндай қауіпті сырқат қайдан және қалай пайда болды?" деген сұраққа әлі күнге дейін жауап іздеуде.

АҚШ ғалымдары СПИД туралы жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижесіне сүйене отырып, "бұл ауру адам баласының белгілі бір бағытта жүргізген ісінің жемісі" дейді. Көптеген ғалымдардың ойынша, СПИД вирусы АҚШ-тың өзінде жасалған көрінеді. Англияның вирусолог докторы Д.Сили: "СПИД вирусы бактериологиялық қару жасаумен айналысып жатқан лабораториялардың бірінде жасалған", - деген тұжырым айтқан. Бұл вирустың таралуына лабораторияда болған авария себеп болуы мүмкін деген тұжырым бар. Яғни, вирустың белгілі бір мақсатпен дайындалғанына еш күмән келтірілмейді. Вирус шамамен 1978 жылы жасалған деген мәлімет бар.

ВИЧ/СПИД - жұқпалы ауру. Сондықтан кез-келген адам, жасына, жынысына байланыссыз ВИЧ инфекциясын жұқтырып алу қаупі бар. АҚШ-та жүргізілетін статистикалық зерттеулерге қарағанда, СПИД вирусы көбінесе жыныстық қатынастар және нашақорлық арқылы тарайды. Ал, Қазақстанда жүргізілген зерттеулер ВИЧ тасымалдаушы көбінесе нашақорлар екенін көрсеткен.

ВИЧ/СПИД жөніндегі БҰҰ-ның біріккен бағдарламасы дерттің еркектен әйелге екі есе тез жұғатынын дәлелдеп, "СПИД: многое зависит от мужчин" деген ұранмен акция өткізуде. Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарында СПИД жайында лекциялар оқылып, әр түрлі мәдени шаралар ұйымдастырылуда.

БҰҰ-ның ВИЧ/СПИД жөніндегі Біріккен бағдарламасының мәліметіне сүйенсек, 1999 жылдың аяғына дейін дүниежүзі бойынша 33,6 млн. адам ВИЧ/СПИД-пен тіркелген. Олардың ішінен осы дерт кесірінен 16,3 млн. ересек адам, 3,6 млн. балалар көз жұмған.

Алматы қаласының СПИД-пен күресу және сақтандыру орталығы хабарлағанындай Қазақстан бойынша 1987 жыл мен 2000 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта 971 ВИЧ жұқтырғандар және 29 СПИД тіркелген.

**Ал, 2000 жылғы 1 қаңтар мен 1** қараша аралығында ВИЧ аурулар саны 1227 болса, олардың 34-і СПИД тасымалдаушылары екені анықталған. Мұндай қауіпті аурудан, алғашқы статистика бойынша, 73 адам қайтыс болды, ал биылдың өзінде 119 көз жұмған адам тіркелген. 1987 жылдан бері Қарағанды облысы (Теміртау қаласы) тіркелген ВИЧ/СПИД тасымалдаушылар жағынан алда келе жатыр.

Жұмыр жерді қаптап, дүние жүзіне жайылған СПИД пандемиясының қазір адамзатты алаңдатып отырған, медицинаның ғана емес, бүкіл адамзаттың шешуі қажет етіп отырған мәселе екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда СПИД вирусының алдына тосқауыл қою көп жағдайда өзіміздің гигиеналық жағдайды қатаң сақтай білуімізбен де тығыз байланысты екендігін ескерсек.

Аурудың үш даму кезеңі бар:

I-кезен. Вирус қанайналым жүйесінде лимфоцитті зақымдайды. Мұндайда дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, жөтел, терлегіштік, тері-бөртпелері, шаршампаздық белгілері білінеді. Кем дегенде 3 айдан соң адам ВИЧ таратушыға айналады. Бірақ мұны өзі де сезбеуі мүмкін.

II-кезен. Бірнеше жылдан соң вирус оянып, кенеттен көбейе түседі. Осы кезде иммунитеттің төмендеуінің бірінші белгілері байқалады:

1. Созылмалы іш өту.
2. Әлсіздік.
3. Күннен-күнге салмақтың төмендеуі (15%-ке дейін).
4. Бактериялар мен вирустар қоздыратын аурулармен жиі ауыру (мысалы, өкпе қабынуы).



III-кезен. Бірнеше ай немесе жылдардан кейін (ағзаға байланысты) СПИД белгілері барынша көрінеді: қайталана беретін жұқпалы аурулар, ісіктердің пайда болуы, нерв жүйесі қызметінің бұзылуы. Әбден құрыған иммунитет, әлсізденген ағза адам өліміне әкеледі.

**Вирус қалай жұғуы мүмкін?**

ВИЧ - вирус жұқтырған немесе СПИД-пен ауыратын адамнан сау адамға жыныстық қатынастар арқылы, нашаны пайдаланылған шприцпен егу арқылы және біреудің ұстарасын, татуировка жасайтын құралын қолданғанда жұғады. Ата-анадан балаға жұғу қаупі де бар.

**ВИЧ/СПИД қандай жағдайда жұқпайды?**

Ортақ дәретханада, моншада, бассейнде бірігіп суға түскенде, үй жануарлары мен құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлер арқылы, төсеніштер, ыдыс-аяқ, тамақ немесе сусындар арқылы тарамайды.

Инфекция қол ұстасқанда, сүйіскенде, құшақтасқанда, тер, сілекей, көз жасы, жөтел, түшкіру және донорлық қан өткізу кезінде жұқпайды.

**Жұқтырмау үшін не істеу керек?**

- жыныстық қатынаста бір адаммен ғана болған жөн.
- біреудің ине, шприц, ұстара сияқты зақымдайтын құралдарды қолданбау.

6-беттің материалдарын әзірлеген халықаралық журналистика кафедрасының 4 курс студенті Айана ДӘУРЕНБЕКОВА

## Әлемде күн сайын 16000 жас ВИЧ жұқтырады...

# Остерегайся рукотворной беды!

**Ниже названы имена некоторых знаменитостей и цена, которую они заплатили в результате употребления наркотиков. Решая начать принимать наркотики, всегда нужно прежде задуматься; стоит ли это такого риска.**

| Имя | Под деятельность | Цена |
|---|---|---|
| Курт Кобейн | музыкант | смерть (героин) |
| Лен Биас | звезда баскетбола | смерть (кокаин) |
| Джиа Каранджи | топ модель | смерть (героин) |
| Элвис Пресли | певец | смерть (разные. наркотики) |
| Мэрилин Монро | актриса | смерть разные наркотики) |
| Джон Белуши | актер | смерть (кокаин и героин) |
| Стив Хов | звезда беисбола | лишился большого контракта |
| Бен Джонсон | звезда легкой атлетики | проиграл олимпиискую золотую медаль |
| Хендерсон "Голливуд" | звезда американского футбола | тюремное заключение |
| Диего Марадона | звезда футбола | потерял здоровье, спортивную форму |
| Дженнифер Каприати | звезда тенниса | потеряла отличную спортивную форму |

# Героин-убийца

Джиа Каранджи была одной из лучших топ моделей мира и работала в агентстве Вильгемина в Манхэттэне. Джиа пользовалась вниманием всех ведущих модельеров и регулярно появлялась на обложках журналов "Вог" и "Космополитен". Однако довольно быстро она пристрастилась к наркотикам. В 1986 году, когда ей было еще 26 лет. Джиа превратилась в уличную наркоманку, делающую себе инъекции героина грязными иглами. Она умерла от СПИД-а еще до конца года, оставшись без денег, и без работы.

## Падение с вершины

Аргентинские врачи говорят, что Диего Марадона, бывший когда-то одним из лучших футболистов, сейчас в любой момент может умереть из-за своего пристрастия к нароктикам. Доктор Рикардо Гримсон, лечащий врач Марадоны в клинике Буэнос-Айреса сообщил, что пристрастие Марадоны к кокаину принесло ему необратимые повреждение мозга. Доктор Гримсон сказал: "Наблюдается частичное необратимое отмирание клеток передней доли легкого на фоне нарушения кровообращения. Он утратил способность контролировать свою агрессивность. Я не исключаю возможности, что Диего может внезапно умереть прямо на поле или на улице".

Марадона, принесший победу Аргентине на Кубке мира в 1986 году, за последнее десятилетие у всех на глазах лишился своего пъедестала. В 1991 году во время игры в Италии тесты показали наличие в крови кокаина и он был на 15 месяцев дисквалифицирован.

ПІКІР

# СПИД – қауіпті ауру

## Алайда, жастар бұл дерт жайында қаншалықты хабардар екен?

**АЯН, 20 жаста:** - Мен жақында ғана СПИД-ке қарсу күресу орталығына барған едім. Сонда көп мәлімет алдым, қолыма түрлі брошюраларды ұстатып жіберді. СПИД - өте қауіпті дерт. Ол көбінесе жыныстық қатынас арқылы жұғады. Нашақорларға шприц арқылы да беріледі. Сондықтан мұндай жағдайлардан сақ болу керек.

**АЙГҮЛ, 18 жаста:** - Мен СПИД-ке қарсы күрес акцияларына көп барғанмын. Ол өте пайдалы. Осы аурумен күресу орталығы көптеген жұмыстар атқарып жатыр, оны айтпауға болмайды.

СПИД жайлы 14 жасымнан біле бастадым. Мектепте де азын-аулақ айтқан болатын.

**БАҚЫТГҮЛ, 19 жаста:** - Мектепте оқытты. Қазір мен АЛГУ-дің студентімін. Бізде ОБЖ (Основы безопасности жизни - Өмір қауіпсіздігінің негіздері") деген сабақ өтеді. Сонда бізге СПИД-тен сақтану тәсілдері жайлы деректі фильмдер көрсетеді. Осыған дейін 3 деректі фильм көрдік. Үйге қосымша ретінде рефераттар жазғызады.

**ЕРЖАН, 23 жаста:** - СПИД-тің жыныстық қатынас кезінде жұғатынын білемін. Алғашқыда бұл ауруды жұқтырып алғаныңды білмейсің. Бірақ уақыт өте келе, бір немесе екі-үш жылдан соң оның белгілері біліне бастайды: жаралар шығады, ісіктер пайда болады, шаршағыш, терлегіш боласың, тұмауды тез жұқтырғыш қаупі бар. Менің білуімше, СПИД ауруының алғашқы белгілері - осылар.

**МАҚСАТ, 21 жаста:** - Бұл өте қауіпті, қатері мол ауру. Қалай жұғатынын білемін, бірақ оның жұққанын қалай білуге болатынынан хабардар емеспін. Менің ойымша, СПИД-тен ешқашан емделуге болмайды. Болған жағдайда да оны тек шетел дәрігерлері емдей алады. Ал, шетелде емделу үшін көп қаражат керек емес пе?! Мысалға, қарапайым адамдардың шетелде емделуге шамалары келмейтіні айтпаса да белгілі.

**ГҮЛЖАН, 16 жаста:** - Қазір ауруханаға барып тексерілуге болады. Қателеспесем, анализ 470 теңге тұрады және оның нәтижесі бір күнде дайын болады. Тіпті, жарты күнде. Мысалға, таңертең тапсырсаң, қорытындысын түстен кейін барып білуге болады.

**АХМЕТ, 17 жаста:** - Жалпы бұл ауру жайлы жеткілікті білемін деп айта аламын. Мектепте арнайы сағаттар бөлетін СПИД орталығы акциялар жүргізгенде көшеде түрлі брошюралар таратады.

Менің анам - дәрігер. Алайда, ата-анаммен бұл ауру жайлы сөйлеспейміз.

*Ақжібек ЮСУПОВА,*
*ҚазМУ-дің 4 курс студенті.*

ПРОБЛЕМА!

# Еще раз по поводу курения

"Сиреневый туман над нами проплывает...", - так пелось в одной когда-то популярной песне. Сегодня же никотиновый туман, к сожалению, никуда не уплывает, а клубится и сгущается над нашими головами. Так получается, что нынче курят все от мала до велика. С сигаретой можно увидеть и замученного жизнью пенсионера, молодую мамашу и маленького мальчика. Курение переросло в национальную проблему. И самое страшное, что все мы прекрасно это осознаем, но ничего не хотим делать, а тем более решать эту проблему. И так будет до тех пор, пока рекламные щиты сигарет в 10 раз больше надписи: "курение опасно для вашего здоровья". Но против сигаретных магнатов, как говорится, не попрешь, а курить или нет дело каждого.

Однако, перед началом нового, неизвестного тысячелетия нам стоит задуматься о том, что мы оставим нашим потомкам, какое духовное наследие мы им передадим. Неужели это будет страшная статистика смертности, как итог черезмерного, необдуманного курения. Наверное, в первую очередь об этом нужно задуматься взрослым, потому что именно они являются примером для детей. Ведь без толку говорить ребенку "не кури", когда он каждый день видит курящих мать и отца. Ради интереса спросите любого курильщика зачем он курит? И не услышите в ответ ничего конкретного или же фразу типа "это меня успокаивает", мой друг всю жизнь курит, ничего, живой".

Приводить факты из области медицины в наше время бесполезно. О том, что капля никотина может убить лощадь знают все. Как же "достучаться" до людей, как объяснить молодежи, что курение как мода стоит слишком дорого. Сейчас во всем мире проводятся акции против алкоголя и курения. Главной фишкой таких мероприятий являются так называемые наглядные пособия, когда людей водят по больницам и они воочию сталкиваются с последствиями вредных привычек. Думаю нам тоже стоит попробовать. Может вид онкологических больных заставят курильщиков задуматься.

Но сделать так, чтобы курить бросили все, увы, невозможно. Однако, сократить число курящих среди молодежи в наших силах. Просто взяться за это дело надо всем миром.

*Зауре ИСАЕВА,*

# Опасайтесь гепатита

*Гульсум КУНЕЛЕКОВА*

Казахстанские медики считают, что больных гепатитом А можно лечить и дома. Они не могут заразить окружающих, уверяют врачи. К тому же в больнице пациенты могут "одарить" друг друга более тяжелой формой гепатита Б или другими вирусами. В 1997 году Министерство здравоохранения издало приказ №404, согласно которому разрешается лечить больных гепатитом А на дому.

- На Западе такая практика существует уже давно, там умеют считать деньги, - говорит заместитель главного врача Алматинской детской клинической инфекционной больницы Ержан Алиби. - У наших людей менталитет еще не изменился. Люди не хотят верить, что больные гепатитом формы А не могут заразить окружающих. А ведь им можно полечиться и дома, на свои средства. Для нашего учреждения это экономия: меньше расходов на проживание и лечение больных.

С 1997 года при инфекционной больнице начали организовывать специальные лаборатории, в которых могут точно определить у больного форму гепатита. Чего раньше в Казахстане не было. В больницу клали всех больных подряд - независимо от того, какая у них форма гепатита. С появлением лабораторий ситуация изменилась. "Ашников" (больных гепатитом А) сразу отправляют домой. Исключение делают лишь для проживающих в общежитиях.

- Раньше детей у нас лежало намного больше, чем сейчас, - говорит Ержан Алиби. - Мы не знали, что с ними делать. Боялись, как бы они чего не натворили. К тому же больной формой А мог дополнительно заразиться гепатитом формы Б или другими заболеваниями. Таким образом, процесс лечения мог растянуться на месяцы.

Пика заболеваемости гепатитом А Городские санэпидемиологи ожидают в декабре. С сентября кишечный вирус уже погостил в 96 школ из Алматы, три из которых были закрыты на карантин. В этом ноябре, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, число заразившихся школ сократилось с 80 до 46 процентов. Возможно, это результат большой профилактической работы горсанэпидемстанции, которая ведет строгую проверку санитарного состояния помещений. Недавно СЭС наложила 6 штрафов на одну из школ города. "Там даже санузел не работал. Невозможно было помыть руки, - говорит зав. отделом эпидемиологии Татьяна Сурдина. - Кроме того, в школах города мы просим вести большую разъяснительную работу, вплоть до написания диктантов о профилактике гепатита".

Наверное, мало кто из родителей знает, что ребенку можно сделать прививку от "желтухи". Она стоит 1800 тенге, но защищает от вируса в течение десяти лет. Медики предупреждают, как только у ребенка появляются головная боль, тошнота, кашель, насморк или просто недомогание, сразу изолируйте его и ведите к врачу. Возможно, он заболел гепатитом. Больной опасен для окружающих именно в этот период, а не когда он пожелтеет.

## НОВОСТИ СПОРТА



* 15октября 2000ого года, в КазГУ прошла очередная 54 традиционная межфакультетская спартакиада среди студентов "Президентские тесты". В соревнованиях приняло участие 340 человек. Первое место занял МехМат; второе место ИЭП; и третье место получил ГеоФак.

* 5 ноября 2000 года, в спортивном комплексе КазГУ прошёл ежегодный, спортивный праздник "День первокурсника". Студенты соревновались по 6 видам спорта: армрестлинг, баскетбол, мини-футбол, шахматы, перетягивание канатов и эстафеты среди девушек. в своеобразном "посвящении в студенты" приняло участие 393 первокурсника. из 12 факультетов. Первые три места заняли:
1-ое место ИЭП;
2-ое место ГеоФак;
3-е место-МехМат.

* 26 ноября, прошёл ежегодный, открытый турнир по тяжёлой атлетике, посвящённый памяти заслуженного тренера КазССР и кандидата педагогических наук Хоху В.И. Среди участников турнира было 7 студентов Каз ГУ. Спортсменам вручались памятные призы и грамоты. Личное первенство присуждалось по 6 категориям:

85кг 1ое место-Халматов
2ое место-Кирильков
77кг 1ое место-Сундетбаев
2ое место- Ахметов
3е место-Бекмухамбетов
69кг 1ое место-Адилгазин
2ое место-Петренко
3е место-Харчилин
62кг 1ое место-Беков
2ое место-Молоков
3е место-Галкин
56кг 1ое место-Далдыбаев
2ое место-Побижимов

## ПРОФИЛАКТИКА

# С чего начинать?

Занятия физической культурной нужно начинать с ходьбы. Ходьба хороша для всех возрастов, практически не имеет противопоказаний, безопасна и всем доставляет удовольствие. Для этого необходимо подобрать удобную обувь, лучше кожаную, но можно и кроссовки. Они создают отличную опору для ступни. Чтобы удобнее чувствовать себя во время длительных прогулок, надевайте две пары носков: пару хлопчатобумажных, а сверху потолще. Не берите с собой ни сумок, ни других предметов, которые могут быть обузой при ходьбе. Руки должны быть свободны. Время, можете выбирать какое угодно, но лучше не ходить сразу после еды (кстати, ходьба на пустой желудок порой помогает умерить аппетит. Ходите не реже трех раз в неделю по 20-30 минут без остановок. Не надо начинать слишком быстро. У вас заболят мышцы, вы выдохнитесь, не пройдя и квартала, чтобы набрать скорость, нужны недели, а то и месяцы. Каждый раз начинайте с прогулочного, неторопливого шага, чтобы минут пять дать мышцам разогреться. Потом пойдите быстрее, дыша глубоко, но не задыхаясь, не теряя способности вести разговор.

Вначале вы будете проходить 3-4 километра в час. По мере того как вы станет входить в форму, вы будете проходить километров пять, не теряя способности поддерживать беглую беседу. Если дышите слишком часто, остановитесь, отдохните

Когда почувствуете, что ходьбы не достаточно, вы можете начать ходить в горы от 40-60 минут или переходить на бег.

Но, прежде чем перейти к регулярным интенсивным занятиям, советуем обратиться к врачу и выяснить состояние своего здоровья, особенно если вам за тридцать пять лет или масса вашего тела намного больше нормы.

*Н. ТАГАНОВА,*
*ст. преподаватель*
*кафедры физвоспитания.*

## ИЗ СТРАНИЦЫ ИНТЕРНЕТА

### Медсестра загипнотизировала себя перед операцией

Женшина, которой проводилась операция без наркоза, утверждает, что не чувствовала боли, благодаря самогипнозу. Пока врачи пилили кости на ее ноге, она представляла себя стоящей под струями водопада. Она смогла покинуть больницу всего через час после окончания операции, тогда как в обычных условиях на восстановление требуется целый день.

### Стоматологи спасли женщину от инсульта

По обычным рентгеновским снимкам для стоматолога можно сделать вывод о вероятности развития инсульта. Подобный случай описали американские врачи, которые при обследовании женщины с больными зубами увидели на рентгеновских снимках отложения кальция в обеих сонных артериях, попавших в кадр.

Пациентка и не подозревала, что сильно рискует.

### Американские дети должны ходить в школу налегке

Американские врачи и учителя приняли решение ограничить вес школьных ранцев, которые часто являются непосильной ношей для неокрепших детских плеч. В ряде школ даже решено закупить по два комплекта учебников, чтобы детям не пришлось таскать книги из дома. По мнению педиатров, вес ранца не должен превышать 6,5 килограмма.

## ЗДОРОВЬЕ И РЫНОК

### Медицинские катаклизмы экономики

В последние годы, когда "расцвел" грипп и туберкулез, многие с печалью вспоминают бесплатные советские больницы, где не нужно платить ни за лекарства, ни за услуги.

С приходом рыночной экономики не у дел остались не только врачи, но их пациенты. Каждый 4-й из 5 заболевших не в состоянии купить дорогие лекарства. Та же картина и с обследованиями. Минимальная цена за компьютерную томографию 5000 тенге, это при том, что самая болеющая часть общества - пенсионеры, инвалиды получают минимальную пенсию 3800 тенге. Ну а тем, кто не жалуется на здоровье, но все-таки хотел бы его застраховать, тоже приходится трудновато. На сегодняшний день очень мало страховых компаний, которым можно было бы доверять.

Нам пока рано мечтать о том, чтобы медицинские услуги оказывались на европейском уровне, хотя бы потому, что государственные больницы не могут обзавестись новой аппаратурой, а скорой помощи не хватает главного - реаномобилей. Выходит, что наша медицина не совсем вписалась в рыночную экономику.

В последнее время мы стали чаще болеть. Здесь сказывается не только физическая усталость от постоянной беготни "в поисках пропитания", но и психологический перелом, перестройка на новый темп жизни. Из этого следует, метод лечения у врачей тоже должен измениться, усовершенствоваться и обновиться. Однако, научная медицинская литература при стоимости 2000-4000 тенге, не каждому врачу по карману. И только немногим спасателям человеческих тел удалось влиться в новую экономику, ведь открытие частной клиники тоже дорогостоящее дело.

Главная задача на ближайщее будущее - не растерять тот медицинский опыт и профессионализм, что был накоплен за долгие годы работы на благо общества. В любой экономике государства должно быть отведено достойное место медицине, иначе люди начнут погибать от обыкновенной раны, потому что, перевязать ее будет некому. Врачи уйдут на заработки

*А.Ж.АБДРАХМАНОВА,*
*глав. врач поликлиники №12,*
*М.Б.ЛИ, зав. терапией.*



**Газетную полосу подготовила студентка 4 курса кафедры международной журналистики Айгуль КУАН.**

# ЖЫЛНАМА

Жапония, Қытай және Шығыстың басқа да елдерінде қабылданған күнтізбеге сәйкес 12 жылдық цикл аралығындағы әрбір жыл белгілі бір жануар белгісімен өтеді. Яғни, сіз туған жылын білсеңіз, берілген кестеден жылыңызға қажетті жануар белгісін оңай тауып, 2001 Жылан жылына жасалған болжаммен таныса аласыз.

| ТЫШҚАН | СИЫР | БАРЫС | ҚОЯН |
|---|---|---|---|
| 1924 | 1925 | 1926 | 1927 |
| 1936 | 1937 | 1938 | 1939 |
| 1948 | 1949 | 1950 | 1951 |
| 1960 | 1961 | 1962 | 1963 |
| 1972 | 1973 | 1974 | 1975 |
| 1984 | 1985 | 1986 | 1987 |
| 1996 | 1997 | 1998 | 1999 |

| ҰЛУ | ЖЫЛАН | ЖЫЛҚЫ | ҚОЙ |
|---|---|---|---|
| 1928 | 1929 | 1930 | 1931 |
| 1940 | 1941 | 1942 | 1943 |
| 1952 | 1953 | 1954 | 1955 |
| 1964 | 1965 | 1966 | 1967 |
| 1976 | 1977 | 1970 | 1979 |
| 1988 | 1989 | 1990 | 1991 |
| 2000 | | | |

| МЕШІН | ТАУЫҚ | ИТ | ДОҢЫЗ |
|---|---|---|---|
| 1920 | 1921 | 1922 | 1923 |
| 1932 | 1953 | 1934 | 1935 |
| 1944 | 1945 | 1946 | 1947 |
| 1956 | 1957 | 1958 | 1959 |
| 1968 | 1969 | 1970 | 1971 |
| 1980 | 1981 | 1982 | 1983 |
| 1992 | 1993 | 1994 | 1995 |

**ТЫШҚАН.** Материалдық жағдайыңыздың жайын ойландыратын шығындар болуы ықтимал. Белсенділігіңіз артып, шығармашылық потенциалыңыздың жоғарылауынан көп істің "қалпағын қайырасыз". Отбасыңызда жан басының көбеюін күте беріңіз. Бұл жыл достарыңыз бен туыстарыңыздың қолдауымен өтеді.

**СИЫР.** Жылдың басында ойыңызда жүрген істерді жүзеге асыруға мүмкіншілігіңіз туады. Жылдың екінші жартысы тек басыңызға және қызметіңізге бірнеше өзгерістер әкелмек. Әрдайым денсаулығыңызды күтіңіз. Уақытша қиындықтарда жылдамдық танытқаныңыз жөн.

**БАРЫС.** Қызмет бабыңызда тыныштық, бәрі ойдағыдай болады, бірақ жансаулығыңызға көп көңіл бөліңіз. Жыл аяғы тамаша жағдай жасап, баяғыдан бері ойда жүрген істеріңіздің жүзеге асуымен аяқталады..

**ҚОЯН.** Жыл басы қызметтің барлық салаларынан белсенділік танытуыңызбен басталады. Үй-жайыңызға, отбасыңызға көп көңіл бөлуге тырысыңыз - бұл сіздің 2001 жылдық жұлдызнамаңыздағы маңызды іс.

**ҰЛУ.** Қапаланбаңыз, қиыншылықтар бәрінде де болады. Дегенмен. көктеммен келген сәттілік сіздің серігіңізге айналады. Барлық дерлік істеріңізде жолыңыз болмақшы. Тек алға қарай ұмтылыңыз.

**ЖЫЛАН.** Өз жылыңызда сізді көп істер күтіп тұр. Пайданы алыстан күтесіз. Жылдың екінші жартысында жақсы өзгерістерге әкелетін тамаша мүмкіншіліктер туады.

**ЖЫЛҚЫ.** Нағыз олжа - алда, ал қазір аз ғана қуаныштарға риза болған жөн. Барлық күшіңізді ақша жолына салуға еш кедергі жоқ, бірақ денсаулығыңызды сақтаңыз.

**ҚОЙ.** Жыл махаббат сезімінің аяқасты лаулауымен, кездейсоқ махаббаттың тәтті сәттерімен басталмақ. Басшылардың айтқанын бұлжытпай орындау - қызметте жоғарылаудың кепілі. Отбасыңыздың бар екенін естен шығармаңыз.

**МЕШІН.** Олжа алыстан келмек. Баспана ауыстырғаныңыз жөн болар. Қызметте басшылардан қатаң бақылау болмақ, сондықтан белсенділік танытыңыз. Жыл өміріңізге көп өзгеріс әкелетін маңызды кездесумен аяқталады.

**ТАУЫҚ.** Мүмкін, бұл сіздің жолыңыз болар. Көп істерде сәттілік күтіп тұр. Бірақ, абай болып, денсаулығыңызға көп көңіл бөліңіз.

**ИТ.** Сіздің іскерлігіңіздің арқасында материалдық жағдайыңыз жақсырмақ. Қызметте өзгерістер күтіп тұр. Бірақ, ата-ана, туған-туыстарыңызға қарайлап, ұрыс-керістен аулақ болыңыз.

**ДОҢЫЗ.** Абыройыңыз артады, бірақ мұндай сәттілікті дұрыс пайдалануға тырысыңыз. Жалқаулықты ысырып қойып, бар уақытыңызды жұмыс істеуге арнаңыз. Жыл баяғыдан келе жатқан мәселелердің шешілуімен аяқталады.

# СКАНВОРД

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | "Өзге емес, өзім айтам өз жайымды" (ақын) | Кезең, дәуір | Қазақтың Гомері (ақын) | | | |
| | | | | | | Сөйле, ...! (синоним) |
| | Қаз. лирик ақыны | | Ишарат белгісі | | Намыс | А |
| Н | А | С | Ы | Б | А | Й |
| | Темекінің баламасы | | Дауыл | | | Г |
| | | | | | | Тағам |
| | | Үшінші жақ / өлшем бірлігі | | Ұшақ маркасы | А | С |
| | Атақты орыс патшасы | | | | | Солдаттық белгі (КСРО) |
| | Жыл атауы | | | | | |
| Көлік | | | | Араб әрпі | | |

# СКАНВОРД

Беттегі сканвордтарды дайындаған АРЫСТАН РЫСБЕКОВ

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өзбекстан қаласы | | Тік ұшақ маркасы | Аяз, суық | | Бояу түсі | | | | |
| | | | | | | Табиғи қазба байлық | | Залым / жаҙмыш | | Кітап баспасы / Армения (тау аты) |
| | Олимпиада астанасы | | | | | | Көзге көрінбес, ұстауға келмес | | | |
| | | Аққулы көл | БАҚ | | Жалқау | | | | | |
| | Түнгі сәуле | | | | | | Шеше | А | Н | А |
| | Қыз есімі | | Кесу құралы | | Ресей обл.орталығы | | | | Хош иісті гүл атауы | |
| | | | | Шұңқыр, сай | | | Кенеп | Араб әрпі | | |
| | Әдет-ғұрып / Л.Толстой (кейіпкер) | | | | | Қайрат, күш | | | | |
| "Жер-..." | | | | Ірі, қуатты держава | | | | Түрік мырзасы / Қырат, бел | | Мұсылман мерекесі |
| | | Өңсіз бояу | | | | | | | | А |
| Сан есім | | | | | | | Терең | | | Й |
| Қалың орман, тоғай... | | Ыза, кек | | | | ағылш. ақша бірлігі | | | | П |

ҚАЙТАДАН СКАУТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖАЙЫНДА

## Завтра будет поздно

16 ноября 2000 года впервые в стенах университета проводилось собрание родителей, проживающих в общежитиях университета и имеющих детей в возрасте от 8 до 16 лет. Основная задача этого мероприятия - активизировать роль родителей.

Не секрет, что воспитательная работа за последнее десятилетие фактически была в загоне, а вместо этого подростки впитывают с телеэкранов насилие, разбой и грабежи, где пропагандируется западный образ жизни. Книжные магазины и киоски завалены ковбойской литературой и газетами бульварного содержания. Неудивительно, что в такой среде наша молодежь с трудом вспоминает, а зачастую и не знает ни истории нашей страны, ни того, что когда-то были такие мощные детские и юношеские общественные организации, как пионерская, комсомольская, и т.д., которые воспитывали у молодежи патриотизм, любовь к своей Родине, формировали высокие гражданские и нравственные чувства.

Вы скажете: "Это было время". Да, другое, но ведь не посеяв доброе в душу ребенка сейчас, не ждите добрых всходов потом. Наши подростки зачастую становятся воспитанниками улицы, что приводит к всплеску правонарушений, а зачастую и к преступлениям.

На коллегии акимата Бостандыкского района, посвященной вопросам "О мерах по предотвращению правонарушений среди несовершеннолетних", районный прокурор отметил, что значительный рост преступлений, за последние десять месяцев этого года среди несовершеннолетних, причиной которых являются пьянство, алкоголизм и наркомания. Уже сейчас видно, что застой в воспитательной работе с подростками завтра приведет к потере будущего страны.

Одним из мощнейших рычагов, нам видится, создание скаутского движения, пробразом которого являлась пионерская организация.

***ЩЕРБАКОВ Л.В.,***
***ведущий специалист отдела эксплуатации дирекции студенческого городка.***

## Құттықтаймыз!



**1978 жылғы қаңтардың 2 жұлдызында Батталов Ринат БАҚЫТБЕКҰЛЫ дүниеге келді.**

**РИНАТ!** Келе жатқан туған күніңмен шын жүректен құттықтай отырып, "бақыт" деген бағалы мақсатқа. "арман" деген асыл мұратқа жетуге, ғажайып денсаулық пен дақ түспеген ақ жаулық тілемекпін. Өмірің мәнді. тұрмысың сәнді болсын!

Шешен тілді ақын бол. Жақсыларға жақын бол
Достарыңмен тату бол, Дұшпаныңа қату бол..
Ұсақ болма, ірі бол, Өз ортаңның гүлі бол.
Ата-анаңның көзінің Сөнбейтұғын нұры бол! -
деп, тілек білдіруші. **АҚЖІБЕК.**

ҚазМУ-дің журналистика факультетінің 4-курс студенті ***БЕКБОСЫНОВ АБЫЛАЙДЫ*** 13-желтоқсан туылған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Саған өмірің мәнді, көңілің сәнді, еліңе, жеріңе, жаныңдағы жақын жандарға деген махаббатың мәңгі болсын деп тілейміз Журналистиканың биік шыңдарынан көрініп, қаламың қарымды журналист бол демекпіз.

Бүгін сенің туған күнің, алтыным,
Бақыт тексін арайлаған әр Күнің.
Батыр бабаң, Абылайдай ардақты,
Беделді бір баласы бол халқыңның.
Төрт жыл өмір өтті, міне, қас-қағым,
Төрімізге енді өрледі басқа Күн.
Саған саулық, бақыт, байлық тілеуші
Тай-құлындай бірге жүрген достарың.
Тілек білдіруші. **Жанна және группалас достарың.**

**Қымбатты да сүйкімді НАЗГҮЛ!**



Желтоқсан айының 7 жұлдызында болған туған күніңізбен құттықтаймыз! Сізге қыстай қатты денсаулық, жаздай жайдары өмір тілей отырып, мына өлең жолдарын өзіңізге арнаймыз:

Қырдағы қызғалдақтар дірілдеген,
Қыздар келеді күлімдеген.
Құттықтаймыз бүгінгі
Туылған күн мерекеңмен.

Ізгі ниетпен достарыңыз: **ЕРЖАН-ЛӘЗЗАТ.**

Досымыз ***Дәурен Ноянұлын*** туған күнімен құттықтай отырып, қажымас қайрат, таусылмас бақыт, мәңгілік махаббат тілейміз. Дәуренге деген ыстық ықыласымызды мына өлең жолдарымен білдірсек дейміз:

Алдыңнан әрқашан ақ күн түсын,
Өміріңнің желкенін шаттық бұрсын
Әр күннің қуаныш пен табы әкеліп
Ең соңында нүкте болып бақыт тұрсын.
Тілек білдірушілер: **ЕРЖАН-ЛӘЗЗАТ**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

*Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп. № 1242 куәлік берілген.*

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

*Бас редактор -* **Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;** *Бас редактордың орынбасары -* **Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,** *Жауапты хатшы -* **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,** *Теруші-көркемдеуші -* **Айтгүл БАБАСОВА;** *Фототілші -* **Арман СӘРСЕНБИЕВ.** *Нөмірдің кезекші редакторы -* **Бекжан ӘШІРБАЕВ**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Л.С.АХМЕТОВА** - *проректор;* **Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ** - *проректор;* **Е.ӘБІЛҚАЙЫРОВА** - *ғылыми кітапхана директоры;* **Ж.Д.ДӘДЕБАЕВ** - *кафедра меңгерушісі;* **Н.ОМАШҰЛЫ** - *декан;* **В.М.БОЛДЫРЕВ** - *декан;* **Б.ЖАҚЫП** - *кафедра меңгерушісі;* **Д.АБАЕВ** - *студенттік кәсіподақ ұйымының төрағасы.*

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, 1008 бөлме. Тел.: 1194.

*Нөмір "Полиграфсервис" баспасында (Жандосов көшесі-55) 25.09.2000 күні басылып шықты.*

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т.

Индексі 65989.

№ 548 тапсырыс.

*Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.*